Сыр бойы

№58 (20332)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

19 сәуір, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

2 Баға бақылауда

4 Өткеннің парқы мен бүгінгінің нарқы

6 Плотина қалай салынды?



6 Ауыр атлеттер Қызылордаға жиналды

ПРЕЗИДЕНТ

БІРІНШІ ТОҚСАННЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Президентке Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы бірінші тоқсанда атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы баяндалды.

Атап айтқанда, 552 қылмыстық іс қозғалған. Олардың жартысынан көбі – ауыр және аса ауыр қылмыстар. Ұйымдасқан қылмыстық топ құру фактілері бойынша 14 іске қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары басталған. Мемлекетке 62 миллиард теңге көлемінде шығын келтірілген.

Жанат Элимановтың айтуынша, 2021-2023 жылдарға арналған Кешенді жоспар аясында көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Кеден саласында 34 қылмыстық іс қозғалды. Декларацияға енгізілмеген тауарлардың жалпы құны 10 миллиард теңгеден асады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға бөлінген 20,5 миллиард теңге қаржыны жымқыру фактілеріне қатысты қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізіліп жатқаны туралы мәлімет берілді.

Агенттік төрағасының айтуынша, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге ерекше көңіл бөлінеді. «Тариф» жобасы аясында коммуналдық қызметтер саласындағы тарифтердің негізсіз өсу деректерін анықтау және монополиялардан арылту жұмыстары жалғасуда.

Маңғыстау облысында сұйытылған газды сату кезіндегі алып-сату белгілері бойынша Энергетика министрлігінің, облыс әкімдігінің лауазымды тұлғаларына және электронды сауда алаңдарына қатысты іс тергеп-тексерілуде.

Президенттің тапсырмасы аясында қаржыны Қазақстаннан тыс жерлерге заңсыз жылыстатуға қарсы жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде 7 қылмыстық іс тергеліп жатыр және 28 миллион АҚШ доллары бұғатталған.

Мемлекет басшысы Агенттіктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендетуге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарының маңызды екенін ерекше атап өтіп, Жанат Элимановқа бизнеске қатысты жүргізіліп жатқан барлық қылмыстық істі тергеп-тексеру кезінде заңдылықтың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды. Президенттің пікірінше, құқық қорғау және бақылаушы органдар кәсіпкерлердің өтініштеріне жедел назар аударуға және олардың құқығын шектемеуге тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан ерекше қолдау қажет екенін айтты және бұл жерде Қаржылық мониторинг агенттігі маңызды рөл атқарады деп санайды. Құқық қорғау және бақылаушы органдардың ортақ міндеті – экономикамыздың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін елімізде қолайлы бизнес-орта қалыптастыруға атсалысу.

САПАР

ЕЛ БІРЛІГІ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың аудандарға алғашқы жұмыс сапары басталды. Аймақтың батысында орналасқан қос аудан – Арал мен Қазалыға барған аймақ басшысы елді мекендердің жағдайын көзбен көріп, тұрғындар тіршілігімен танысты. Ақсақалдарымен сөйлесіп, ел ішіндегі өзекті мәселелерге қатысты ойларын мұқият тыңдады.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Облыс әкімі алдымен Сексеуіл кентінде болды. Бірқатар құрылыс нысандарының жұмысымен танысып, тұрғындармен дидарласты.

Сексеуіл кентінде мәселе жеткілікті. 11 жарым мыңнан астам халқы бар мұнда елді мекенді газдандыру, кентішілік жол салу, теміржолшыларға арналған 38 екі пәтерлік тұрғын үй мен 40 төсектік аурухана құрылысының кешеуілдеуі, электр желілерін қайта жаңғырту мен «Құмсай» бөгетінің жағдайы талқыланды. Сондай-ақ, былтыр пайдалануға берілген №283 мектепте білім саласы бойынша да мәселелер тыңдалды.

Сексеуілдіктер аймақ басшысынан ұзаққа созылған аурухана құрылысын аяқтауға ықпал етуге, елді мекенді газдандыру мен жастарды жұмысқа тарту бойынша өз ұсыныстарын жеткізді. Облыс әкімі көтерілген мәселелердің жеке бақылауына алғанын айтып, аталған проблемаларға қажетті қаржы мәселесі кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді.

Мұнан соң облыс басшысы аудандық мәдениет үйінде өткен актив отырысына қатысты. Жиында зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен аудандық мәслихат депутаттары, кәсіпорын және құқық қорғау органдарының басшылары болды.

– Мен алғашқы жұмыс сапарымды Арал ауданынан бастап, қасиетті Рамазан айында өздеріңізбен жүздескеніме қуаныштымын. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы маған сенім білдіріп, туған еліме қызмет жасауға мүмкіндік берді. Әр азаматтың өз жеріне адал әрі жауапкершілікпен қызмет етуі перзенттік парызы деп санаймын. Алаштың анасына баланған Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуы жолында аянбай қызмет етіп, алған білімімді, жиған тәжірибем мен бар күш-жігерімді ел игілігіне арнайтынымды айтқым келеді.

Қашанда халық бірлігі сарай салып, қамал алғызған. Әрбір қолға алған ісімізді бірлікпен, асқан жауапкершілікпен атқарсақ қана кез келген қиындықтан сыр бермей шығамыз. Бұл жолда Президент ұсынған «Жаңа Қазақстан» бастамасын қолдай отырып, әрбір мәселені өзектілігіне қарай кезең-кезеңімен орнықты түрде шешетін боламыз. Мен таңертеңнен бері бірқатар проблемалық нысандарды аралап, тұрғындармен кездестім. Елдің ахуалын, тұрғындардың жағдайы мен халық тұрмыс-тіршілігін көзбен көріп келемін, – деді өз сөзінде облыс әкімі.

Сондай-ақ жиында аймақ басшысы «Көкарал» бөгетіне қатысты өзінің пікірін білдірді. Бөгет бүгінде тікжақтауын су шаюына байланысты біршама залалданған. Осыған байланысты жөндеу жұмыстарына техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп, жоба-сметалық құжаттарын жасауға республикалық бюджеттен тиісті қаржысы бөлініпті.

– «САРАТС» жобасының екінші кезеңінің толықтай жүзеге асуын осы өлкенің тұрғындары үлкен үмітпен күтуде. Сол себепті Арал өңірінің жағдайы әрдайым Мемлекет басшысының назарында. Оған басты дәлел, осы аптада ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев пен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты делегациялары теңіздің қазіргі жағдайымен және «Көкарал» бөгетімен танысады. Сонымен қатар, екі ел арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның екінші отырысы Арал қаласында өтетін болады, – деді облыс басшысы.

Тағы бір жаңалық, дәстүрлі «Балықшылар слеті» пандемия жағдайына байланысты 2 жыл қатарынан аталып өтпеп еді. Биыл осы шара қайта жаңғыртылмақ.

Айта кету керек, былтыр орын алған қуаңшылық салдарынан Арал ауданы қиын кезеңді өткерді. Күрделі ахуалды тұрақтандыру мақсатында тиісті шаралар қабылданып, Сырдария өзенінің «Бұрмақұлақ» арнасы бөгеліп, «Аспай» су ағытқысы іске қосылды. Соның арқасында «Қамыстыбас» көлдер жүйесімен «Ақшатау» көліне су барып, тіршілік қайта жанданды.

Отырыста аудан әкімі Серік Сермағамбетов атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы мақсат-міндеттер және ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы туралы баяндама жасады. Мұнан соң облыс әкімі аудан басшысына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

– Экономика салаларына, оның ішінде әсіресе балық шаруашылығына инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын құру және кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша нақты жұмыстар жүргізу қажет. Қазіргі дағдарыс жағдайында бюджеттің әрбір тиыны есептеулі. Осы ретте бөлінген қаражатты мерзімінде толық игеріп, жобалардың сапалы жүзеге асуын қамтамасыз етіңіз. 6 айдың қорытындысымен әкімдік қызметінің тиімділігі бағаланатын болады. Болашақта Арал өңірінің өркендеуі жолында әлі талай жұмыстар іске асырылса, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықтың әл-ауқаты деңгейінің жақсаруына үлкен мүмкіндіктер туатыны сөзсіз. Бүгін өзекті деп табылған мәселелерді қайта пысықтап, жан-жақты саралайтын боламыз, – деді аймақ басшысы.

2-бет

КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖИЫН

ЕНДІГІ МІНДЕТ ТЕГЕУРІНДІ

Газеттің өткен нөмірінде хабарланғандай, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына арналған кеңейтілген жиын болды. Облыс басшысының орынбасарлары өздері жетекшілік ететін салалар бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады. Жасыратыны жоқ, кеңейтілген жиында көп мәселенің ақ-қарасы сарапқа түсіп, көрсеткіштерге кесімді баға берілді.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДА БЕЛСЕНДІЛІК КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында Үкімет пен әлемде орын алып жатқан геосаяси ахуалдың ушығуына байланысты қаржылық-экономикалық дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шараларды қабылдау қажеттігін тапсырған болатын. Осы орайда облыстың экономикалық даму көрсеткіштері бойынша алғаш болып облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабайдың баяндамасы тыңдалды.

Баяндамашының айтуынша, ҚР Премьер министрі мен облыс әкімінің арасындағы меморандум, 2021-2025 жылдарға арналған облыстың даму жоспары және 2022 жылға арналған облыс әкімінің іс-қимыл жоспары шеңберінде әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылуда. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика қалыптасқан. Тек өнеркәсіп өндірісінде мұнай өндіру көлемі 8,4 процентке азаюы себебінен өндірілген өнім көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,2 процентке төмендеген.

– Кен орындарының сарқылу салдарынан үш айда 1 млн 17 мың тонна мұнай өндірілсе, жалпы 2022 жылдың қорытындысымен 3,5 млн тонна мұнай өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 16,7 процентке төмендеу күтілуде. Мұнай-газ саласындағы жағдайды реттеу және мұнай кен орындарын анықтау мақсатында былтырдан бері «Шу-Сарысу», «Арал» және «Сырдария» шөгінді бассейіндерінде геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстары басталды. Биыл «Шу-Сарысу» бассейінін зерттеу аяқталса, «Арал» шөгінді бассейніндегі шығыс және батыс учаскелерінде басталатын болады. Қаржысы республикалық бюджеттен қарастырылған. Ал Сырдария шөгінді бассейніне қаржы қарастырылмаған. Жобалық құжаттамасы дайын. Жауапты мамандар биыл республикалық бюджеттен қаржы бөлу мәселесін пысықтауы қажет, – деді Н. Қордабай.

Өнеркәсіптің өңдеу саласында 48,3 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 1,5%-ке артқан. Алайда аудандар арасында төмендеу тенденциясы орын алғандары бар. Атап айтқанда, Шиеліде 11,1%, Қазалыда 14% және Қызылордада 19,1%-ке төмен. Биылғы үш айда 51,4 млрд теңгенің инвестициясы тартылып, өсім 14,9%-ті құрағанымен, бірқатар аудандар көрсеткіштің төмендеуіне жол берген. Мәселен, Арал 54%, Қазалы 23,1%, Жалағаш 45,3%, Жаңақорған 51,4% және Сырдария ауданы 58,4%-ке азайған.

– Инвестициялардың тартылуы инвестициялық жобалардың іске асырылуымен тікелей байланысты. Сондықтан аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдіктері экономикалық салада, әсіресе өңдеу саласында инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету бойынша белсенді болуы керек. Үш айда 10,7 млрд теңгенің құрылыс жұмыстары атқарылып, өсім 27,7%-ті құрады. Ол негізінен Қызылорда қаласы, Жаңақорған, Қармақшы және Сырдария аудандары есебінен қалыптасып отыр, – деп атап өтті баяндамашы.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу аяқталуға жақын. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.

ЕЛ БІРЛІГІ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Жиын соңында ардагер Шындалы Әбдраманов сөз сөйлеп, қуаншылық кезде атқарылған жұмыстарға алғысын жеткізді. Сондай-ақ жеке кәсіпкер, облыстық мәслихат депутаты Мейрамбек Жұмашев облыс көлемінде кәсіпкерлікті қолдауға қабылданған шараларға өз пікірін қосты. ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ардагер-журналист Шәкірат Дәрмағанбетов бата берді.

Облыс әкімі аудан орталығындағы «Балықшылар» музейіне аялдады. 2012 жылдан бастап қызмет көрсететін мәдени нысанда 2000-нан астам теңіз жәдігерлері топтастырылған. 11 адам жұмыс істейтін мекемеге былтыр облыстық бюджеттен 86 млн теңге бөлініп, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген еді.

– Арал теңізінің ежелгі тарихынан бастап бүгінге дейінгі мұраларды жинақ тауға тырыстық. Соның нәтижесінде ғимарат заманауи қондырғылармен жасақталып, ашық аспан астындағы музей, «Балықшылар» және «Кемелер» залы жасақталды. Біз алғаш ашылған кезде 117 экспонатпен халыққа қызмет көрсеттік. Қазір қорда жанжақтан жиналған 2000-нан астам экспонат бар. Кейінгі жылы музейге теңіздегі қайықтан кемеге дейінгі дәуірді көрсететін сенсорлық теледидар орнатып, келушілер өзін қызықтырған кемелер жайлы мәліметтерді алып жүр. Мұнда ұрпақ зейінін ашатын фильмдер көрсетіледі, сондай-ақ кемелердің техникалық жабдықтары мен балықшы қауымның тұрмыстық құралдары жинақталған. Балық өнеркәсібін өркендеткен жерлес тұлғалар жайлы да мұра жеткілікті, – дейді музейдің ғылыми қызметкері Айбек Есмағанбет.

Мұнан соң музей ауласында аудан әкімі Серік Сермағамбетов «Балықшылар» аллеясын қайта жаңғырту, аспалы темір жол өткелі, аудандағы клубтар құрылысы, автомобиль жолдары мен тарихи-өлкетану музейі және мәдени орталыққа жүргізілетін күрделі құрылыс жұмыстары туралы облыс әкіміне баяндап, құрылыс жобаларын стенд арқылы таныстырды.

Аралдағы сапар Қамыстыбас ауылдық округінде аяқталды. Аймақ басшысы көл жағасында орналасқан «Аққұмшық» туристік аймағында болып, ауыл тұрғындарымен кездесті. Сондай-ақ аудан әкімі қуаншылық кезінде атқарылған тиісті шараларды да баяндап өтті.

Бүгінде көлемі 2 гектар жерді алатын туристік аймақта 104 демалыс үйі орналасқан. 22 кәсіпкер түрлі қызмет көрсету нысандарын ашса, жазғы шомылу маусымында жүзден астам адам осында жұмыс істейді. Алдағы уақытта көл суының қалпына келуіне байланысты екі жыл бұрын тоқтап қалған жағажай жұмысы қайта жанданбақ.

Облыс әкімінің жұмыс сапары Қазалы ауданында жалғасты.

Аймақ басшысы алдымен «РЗА» АҚ-ға қарасты ірі қара өсіру кешенінде болып, өнім шығару жұмысымен танысты. 85 адам жұмыс істейтін кәсіпорын қуаттылығы күніне 30 тонна сүт дайындауға жетеді. Кешеннің сыйымдылығы 1200 бас ірі қараға есептелген. Жобаның жалпы құны 2,1 млрд теңге болса, мемлекет тарапынан жем-шөп қорын даярлау үшін 1233 гектар жер учаскесі табысталыпты. Сонымен қатар, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы жетіспейтін инфрақұрылыммен қамту үшін республикалық бюджеттен 228 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, электрмен жабдықтау жұмыстары да жүргізілген.

– 2009 жылы экспортқа бағытталған сүт және ет өнімдерін өндіру бойынша типтік жобадағы тауарлы-сүт фермасы және ауысымына 30 тонна сүт өңдейтін зауыттың құрылысы жүрді. Соның негізінде 2010 жылы «Рза-Асыл түлік» ЖШС құрылды. Серіктестіктің негізгі қызметі – асылтұқымды мал шаруашылығы, ет және сүт өндіру, оны экспорттау. Сол жылы іске қосылған кешен аналықтар мен бұзауларға арналған қора, 1200 орындық сауын және төлдеуге арналған арнайы зал, көң жинау орны, санитарлық өткізу мен дизенфекциялық ғимарат сияқты бөлікке бөлінген. Мұнда қажетті жабдықтар Голландия, Германия, Ирландия мемлекеттерінен алынды, барлығы автоматтандырылған жүйеде жұмыс істейді. Алғашқы 660 бас асылтұқымды «Голштино-фризская» тұқымды қашарлар Венгриядан әкелінді. Ал 2019 жылы 300 бас дәл осы сиыр түрі Германиядан келді. Қазір 1813 асылтұқымды ірі қара бар. Бір сиыр жылына 9000 литрден астам сүт береді. Оны сүт өңдеу зауытында өңдеп, түрлі өнім түрлерін шығарудамыз, – дейді серіктестік басшысы Жеңіс Қарабалаев.

Айта кетейік, «РЗА» саудалық таңбасымен пастерленген сүт, айран, қаймақ, сүзбе, сары май және ірімшік шығарып келеді. Жергілікті өнім өзімізден бөлек, Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарына жеткізілуде.

Мұнан соң облыс басшысы Қашақбай Пірімов атындағы елді мекенде болып, жаңадан салынып жатқан спорт кешенінің жұмысымен танысты. Жалпы құны 350 млн теңгеге жуықтайтын ғимарат биыл пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Алдағы уақытта ауыл тұрғындары кешен ішінде жүгіру алаңы, футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі сияқты спорт түрлерімен айналысатын болады. Қосымша шығыс жекпежегі, бокс сияқты үйірмелер де жұмыс істейді.

Елді мекенге сапар барысында аудан әкімі Мұхтар Оразбаев спорт кешені құрылысынан бөлек, Құмжиек, Қарашеңгел, Басықара ауылдық округтерін газдандыру жұмысы туралы айтып өтті. Аталған үш ауылды газдандыру құрылысы қатар жүргізілуде. Наурыз айында басталған жоба қыркүйекте аяқталады.

– Жалаңтөс батырда 273, Қ.Пірімовте 235, ал «Басықара» ауылында 325 тұрғын үйге газ тарту жұмыстары жүргізіледі. Бұған қоса әр аталған ауылда әлеуметтік нысандар бар. Оларды да қамтимыз. Жалпы үш ауылдағы жұмыстарды бес айда бітіру жоспарланған. Жобаның жалпы құны 883 млн теңге. Құрылысқа жергілікті тұрғындарды да тарту көзделген, – деді аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Нұрбек Күзембаев.

Газдандыру жұмыстары біртіндеп іске асуда. «Көгілдір отын» қызығын аудан орталықтарынан бөлек, ауылдағы ағайын да көруде. Соның бірі – Әйтеке би кентіне жақын орналасқан Қазалы қаласы газға қосылды. Мердігер мекеме «МБК Құрылыс» ЖШС 1 млрд 26 млн теңгеден астам қаржыға 60 шақырымға жуық құбыр желілерін тартып, газ реттегіш құрылғылар орнатқан. 2020 жылдың аяғында басталған құрылыс толық аяқталып, жергілікті тұрғындар қуануда.

Аталған қуанышқа орай облыс әкімі қала тұрғындарын құттықтап, лебізін жеткізді.

– Бүгін Қазалы қаласы үшін тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Қосылып жатқан «көгілдір отын» әрбір отбасыға өзінің жылуымен келе берсін! Еліміздегі ірі стратегиялық маңызы бар «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбыры біздің аймаққа сәтті қадам, зор мүмкіндік әкелді. Облыс аумағынан өтетін құбырдың аймағымызды газдандыру саласын қарқынды жүргізуге жол ашты. Облыста барлық аудан орталықтары мен Байқоңыр қаласы «көгілдір отынға» қосылды. Сондай-ақ Сексеуіл, Төретам мен Ақай елді мекенін газдандыру кезең-кезеңімен жүзеге асатын болады. Биыл құны 3,2 млрд теңгеге газдандыру жобасы жүруде. Қызылорда қаласына жақын «Наурыз», Ж.Махамбетов, Шиелі ауданындағы «Алғабас», «Ақмая» ауылына газ тарту жұмыстары өтуде. Міне, бүгін Қазалы қаласындағы газдандыру жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға беріліп отыр. Бұл іске қосылатын жоба аясында 8 мыңнан астам тұрғын газға қол жеткізеді. Мұнан бөлек, биыл осы аудандағы Жалаңтөс батыр, Қ.Пірімов» және «Басықара» елді мекені де «көгілдір отынға» қосылады. Нәтижесінде облыс тұрғындарының 68 проценті табиғи газбен қамтылмақ. Бұл халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға, көптеген экологиялық мәселелерді оңтайлы шешуге мүмкіндік береді. Қазалы қаласына газ берілуімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімінің сөзінен соң қазалылық еңбек ардагері Жақсыбай Орынбасаров сөз сөйлеп, ел азаматтары мен құрылысшыларға алғысын айтты. Мұнан соң облыс басшысы қала тұрғыны Бақытжан Махамбетжановтың үйіне кіріп, «көгілдір отынның» берілуін арнайы көрді. Сондай-ақ осы отбасыға газ плитасын сыйға тартты.

Облыс басшысы ауданда актив отырысына қатысты. Жиналғандар алдында ел бірлігінің артуы мен өңірдің өркендеуі жолында халықпен бірлесе жұмыс істейтінін айтты.

– Сыр өңіріне басшы болып келгеніме қуанып жатқан жерлестерімнің көптігі маған үлкен жігер беруде. Ендігі алдыма қойған мақсатым – ел Президентінің артқан сенімінен шығып, жерлестерімнің алғысын алу. Осы жолда өздеріңіздей еңбекқор азаматтармен бірлесе Сыр өңірін өркендетіп, республикадағы алдыңғы қатарлы облысқа айналдырсам деймін.

Халықтың әл-ауқатын көтеру – біздің бірінші кезектегі басты міндетіміз. Туған жерді дамытуға күш біріктіріп, тізе қосып, кесімді пікір мен келелі шешім қабылдау үшін өздеріңізбен кеңесіп отырудың орны бөлек. Кейінгі уақытта өздеріңіз жақсы білесіздер, бір жылдай Үкіметте жұмыс жасадық. Көптеген азаматтармен, елге тілеулес басшылармен араластық, жанында жүріп біраз тәжірибе жинадық. Өндірісі дамыған басқа өңірлерді көрдім. Солардың барлығынан жинаған тәжірибені елді көтеруге жұмсаймыз. Қиындықтар бар, білеміз. Бірақ, әр істі ұтымды ұйыстыра білсек ғана оны жеңеміз, – деді жиында облыс басшысы.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев өңірдегі атқарылған жұмыстарды баяндады. Сонымен қатар алдағы мақсат-міндеттерге шолу жасап өтті. Ал отырыс соңында «РЗА» АҚ президенті Самұрат Имандосов өз лебізін жеткізсе, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов аудан тұрғындары атынан алғыс айтып, батасын берді.

Қазалыдағы тағы бір қуаныш – көпір құрылысы. Әсіресе күз бен көктем уақытында дарияның арғы бетінде отырған халыққа тым қиын. Су үстіне салынған қалқыма қайық көпір сеңнің соққысынан шыдамайтын.

Енді тұрғындар бұл қиындықтан құтылады. Өткен айда ғана Қазалыдағы «Қарлаң» учаскесіне көпір құрылысы басталды. Бұған дейін Сырдария өзені арқылы темірбетонды көпір салу үшін жобасметалық құжаттары әзірленген болатын. Бүгінде мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған құрылыстың жалпы құны 4 жарым млрд теңгеге жуықтап отыр. Қазалыдағы сапарын «Қарлаң» учакесінде түйіндеген Нұрлыбек Нәлібаев жаңа көпірдің құрылыс жұмыстарын көрді.

Дарияның арғы бетінде орналасқан «Бірлік», «Өркендеу», «Тасарық», «Лақалы», «Қожабақы», «Бозкөл», «Қәукей» сияқты ауыл халқы мұны көп жылдан бері күтіп жүргені шындық. Енді елді мекендегілердің көктем мен күзгі сең жүру кезінде қиындық көрмейтіні қуантып тұр. Ал экономикалық тиімділігі жағынан, өзеннің арғы бетіндегі егістік және балық шаруашылығын дамытуға оң септігін тигізетіні сөзсіз. Сондай-ақ, қауіпсіз және тұрақты көлік қатынасымен қатар медициналық жедел жәрдем көрсетуге де оң әсерін бермек.

Сырдария өзені үстіне түсетін көпір ұзындығы 250 метрге жуықтайды. Ені 13 метр, жолы екіжолақты болмақ. Бұған дейін құрылысын бастау үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, салалық басқарма тарапынан мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланған еді. Қазір жеңімпаз болған «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС жұмыс жүргізуде.

«Қарлаң» учаскесіндегі көпір құрылысының басталуы – дарияның арғы бетіндегі ағайынның бұрыннан келе жатқан тілегі екенін айтқан аймақ басшысы көпірді сапалы әрі дер уақытында аяқтауды жауаптыларға міндеттеді.

Суретті түсірген
Б.ЕСЖАНОВ

1-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Жаңа қызметке сәттілік

Өткен сенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің дамуына ерекше үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарды жаңа қызметке ауысуына байланысты Сыр халқының атынан алғысын жеткізіп, құрметін білдірді.

Бұған дейін облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарып келген Бахыт Жаханов ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және аумақтық ұйымдастыру бөлімінің мемлекеттік инспекторы лауазымына тағайындалды. Аймақ басшысы оның өңір экономикасын дамытудағы қажырлы еңбегін атап, алдағы қызметіне сәттілік тілеп, Құрмет грамотасын табыстады.

«Бахыт Дүйсенұлы өзі жетекшілік еткен уақытта ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі, инвестиция тарту, тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі артып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты дамыды, – деді Н.Нәлібаев.

Сондай-ақ, өзге қызметке ауысқан аппарат басшысы Ерлан Райғаниевтің, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы Ерлан Нұрланбаевтың, облыстық энергетика басқармасының басшысы Ерлан Жаңабаев пен іс басқармасының басшысы Алмас Идрисовтың атқарған еңбектерін жоғары бағалап, іскерліктері үшін алғысын жеткізді. Азаматтарға Құрмет грамоталары табысталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

НАРЫҚ

Баға бақылауда

Өткен сенбі күні облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай бірқатар әлеуметтік дүкендер, бөлшек сауда желілері мен базардағы халық тұтынатын негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларын көрді.

Жауапты сала басшыларымен бірге дүкен сөрелерінде тұрған қант, ұн, картоп, жуа, сәбіз, қырыққабат сынды өнімдердің бағасын салыстырып, қажетті қор көлемін бағамдады.

Қайрат Нұртай – тұрақтандыру қорымен реттелетін 19 түрлі азық-түліктің шекті бағадан аспауын қадағалауды күшейтуді тапсырып, тапшылықты туындатпау қажет екенін еске салды. Сондай-ақ, сауда нысандарын аралау барысында базар мен дүкендер аумағын қоқыстардан тазартып отыруды қатаң ескеру қажет екенін тиісті мамандарға жүктеді.

ЕНДІГІ МІНДЕТ ТЕГЕУРІНДІ

Ал тұрғын үйді пайдалануға беруде Арал ауданы ғана төмендеуге жол берген. Шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту мүмкіндіктерінің бірі ретінде көлемді бастапқы инвестицияны талап етпейтін және жылдам ресурстар айналымын қамтамасыз ететін шағын кәсіпорындарды ұйымдастыру қажет. Биылдан бастап 2023 жылға дейінгі өңірлік экономиканы дамыту жоспары жүзеге асырылуда. Биыл жоспар аясында құны 7,5 млрд теңге болатын және 966 жұмыс орнын құрайтын 206 жобаны іске асыру жоспарланған. 1 сәуірге оның 77-сі іске қосылып, 269 жұмыс орны ашылды.

– Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы жыл сайын әр 10 мың адамға шаққанда кемінде кәсіпкерлік саласы арқылы 100 жұмыс орнын құруды тапсырған болатын. Осы орайда айтылған даму жоспары аясында құрылатын 966 жұмыс орны өте аз. Сондықтан аудандар мен қала әкімдігі бұл бағыттағы жұмысты жандандыруы керек, – деп атап өтті Н.Қордабай.

Ауыл шаруашылығы саласында есепті кезеңде 13,6 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, 1,4 %-ке артып отыр. Салаға тартылған инвестиция 2,5 процентке, экспорт 1,5 есеге арткан. Биыл облыс бойынша су пайдаланушылар арасында суландыру лимиті 3,6 млрд текше метр болып белгіленіп, барлық егіс көлемі 185 мың гектарды құрап, оның ішінде негізгі дақыл – күріш көлемі 78 мың гектарға егіледі деп жоспарлануда. Ал аяқсумен жабдықтау мәселесі бойынша бүгінде «Шардара» су қоймасы мен «Көксарай» су реттегішіне жиналған су көлемі өткен жылдан 1,2 млрд текше метрге кем. Су тапшылығының алдын алуға байланысты Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге қаржы бөлінген.

Облыстың жергілікті бюджет кірістерінің жалпы жылдық жоспары 72 млрд 31 млн теңге болса, ол облыстық бюджеттің нақты көлемінің 18,4 процентін құрайды екен.

– Биылғы бірінші тоқсан қорытындысы бойынша бюджеттің өз кірістері 131,7 процентке орындалып, 4 млрд теңге артық түсім түсті. Аудан бөлінісінде Арал, Қармақшы, Шиелі және Жаңақорған аудандарының жылдық жоспары 25 проценттен артық орындалса, бірқатары бұл көрсеткіштен төмен. Олар: Қазалы, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласы. Сонымен қатар, Шиелі ауданы өз кірістерінің жылдық жоспарын 2 млрд 367 млн теңгеге бекітіп, бірінші тоқсанның қорытындысымен жылдық жоспардың 44,9 процентін орындап отыр. Осы орайда нақты салық төлеушілерге түгендеу жұмыстарын қайта жүргізіп, бюджет кірісінің жылдық жоспарын қайта қарау қажет, – деді Н. Қордабай.

Бюджет кірістерін толықтыру резервінің бірі – салық түсімдерінің берешегі. Биылғы 1 сәуірдегі жағдайымен облыс бойынша берешек 2,2 млрд теңгені құраған. Бұл ретте жергілікті бюджеттің салық түсімдері берешегінің едәуір үлесі Қызылорда қаласы мен Сырдария, Жаңақорған аудандарына тиесілі болып отыр. Сырдария ауданы бойынша 994,3 млн теңге, Қызылорда қаласы 957 млн теңге, Жаңақорған ауданы 213,9 млн теңге.

Бюджеттің шығыс бөлігі бойынша биылғы 1 наурыздағы жағдаймен республикалық бюджеттен берілген нысаналы трансферттерді қоса алғанда облыс бюджетінің көлемі 390,3 млрд теңгені құрайды. 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 38,8 млрд теңгеге, немесе 10 процентке жоғары. Ал бюджет шығындарына келсек, оның басым бағыты – әлеуметтік міндеттемелерді мүлтіксіз орындау. Осыған байланысты биылға арналған шығыстардың ең үлкен үлесін әлеуметтік шығыстар құрауда. Биыл бұл 267,3 млрд теңгені, яғни, жалпы бюджет шығысының 68,4 процентін құрауда. Оның ішінде білім саласы – 215,3 млрд теңге, денсаулық – 6,5 млрд теңге, әлеуметтік көмек – 27,1 млрд теңге, мәдениет және спорт саласына 18,4 млрд теңге жоспарланған.

Жалпы облыс бюджетінің шығындар жоспары 99,7 процентке орындалған. Игерілмеген қаржы – 238,9 млн теңге. Оның ішінде үнемделген қаржы 112,5 млн теңге болса, өзге де себептермен игерілмегені –126,4 млн теңге.

Тұрғын үй және тұрмыстық ахуал

Мұнан соң өңірдің нақты секторы бойынша облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов баяндады.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру индикаторы биылға 683 мың шаршы метр болып бекітілген. Қаңтар-наурыз айларында тұрғын үйлерді пайдалануға беру көрсеткіші республикада 2 млн 878 мың шаршы метрді құрап, өсім 0,4 процент болды. Ал облыста бұл көрсеткіш шамамен 140 мың шаршы метрді құраған. Құрылыс жұмыстарының көлемді индикаторы үш айда республикада 589 млрд теңгені құрап, өсім 8,6 процент болса, облыста 10 млрд 672 млн теңгені құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 27,7 процентке артқан. Көлік инфрақұрылымын дамытуға барлығы 12,7 млрд теңге бөлініп, 259 шақырым жол желісін жөндеуден өткізу көзделген. Нәтижесінде өңірде облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторы 80 процентке орындалады деп күтілуде.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елді мекендерді 2025 жылдың соңына дейін толықтай ауызсумен жабдықтау қажет. Бүгінде облыс тұрғындарының 98 проценті орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Оның ішінде қала 100 процент, ауылдық елді мекендер 86 процент. Биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 14 жобаға 3,1 млрд теңге қаржы бөлінді. Ендігі мақсат – 2022-2025 жылдар аралығында орталықтандырылмаған 32 елді мекеннің ауызсу мәселесін шешуге жұмыс жасайтын боламыз. Облыс тұрғындарын табиғи газбен қамту үлесі 67 процентті құрайды. Төрт қаланың үшеуі, 230 ауылдық елді мекеннің 17-сі газдандырылған. Биыл 8 елді мекенді газдандыруға 3,5 млрд теңге бөлінді, – деді М. Жайымбетов.

Жалпы облыс көлемінде электр желісінің 67 процентінің тозығы жеткен.

1-бет

Былтыр қаладағы «Титов», «Қызылжарма», «Арай» шағын аудандарының тозығы жеткен 40 шақырым және Сексеуіл кентінің 27 шақырым электр желісін қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Биыл аяқталады деп күтілуде.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста 914 көпқабатты тұрғын үйдің 910-на басқарудың жаңа формасы құрылды. Дегенмен, рәсімдеу жұмыстары толығымен аяқталмаған. Қазір жұмыс істеп тұрған ПИК-тер өз қызметін биылғы 1 шілдеден бастап тоқтатады. Осыған байланысты көпқабатты тұрғын үйлерді әділет органдарына тіркеу, нысандарды күтіп-ұстауға қатысты шот ашу, жұмыстарды ұйымдастыруды жылдамдату үшін қала және аудан әкімдеріне тапсырма беруіңізді сұраймын, – деді баяндамашы.

Өңір экономикасын әртараптандыру үшін Индустрияландыру бағдарламасы аясында 46 жоба бойынша жұмыс жүргізілуде. Оның ішінде құны 45 млрд теңгені құрайтын 4 жоба былтыр іске қосылды. Биылғы үш ай қорытындысымен өнеркәсіп өндірісінің көлемі 224 млн теңгені құрап, 4,2 процентке төмендеген. Оның себебі жоғарыда айтып өткендей, мұнай өндірісінің төмендеуімен байланысты.

– Өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 48,2 млрд теңгені құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,5 процентке артты. Сонымен қатар биыл құны шамамен 11 млрд теңгені құрайтын 5 жобаны іске қосу жоспарланды. Одан бөлек, екінші жартыжылдықта екі ірі инвестициялық жобаны бастау, яғни, «Шалқия» кенішінде тау-кен байыту комбинаты және кальциленген сода зауытын іске қосу күтілуде, – деп атап өтті Мархабат Жайымбетұлы.

Алғашқы тоқсан қорытындысы бойынша жалпы сауда көрсеткіші 130,6 млрд теңгені немесе былтырғы жылмен салыстырғанда 100,9 процент өсімге қол жеткізілген. Бұл бағытта биыл жалпы құны 50,4 млрд теңгені құрайтын 23 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған.

Ел саулығы бәрінен маңызды

Жиында сонымен қатар әлеуметтік салада атқарылған жұмыстар бойынша облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменованың баяндамасы тыңдалды.

Биыл білім саласының жалпы бюджеті 204,5 млрд теңгеге жетіп, былтырмен салыстырғанда 17 %-ке артқан.

Аймақта 674 мектепке дейінгі ұйымда (598 балабақша 162 мемлекеттік, 436 жеке, 76 шағын орталық) 58 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Балабақшалардың 73%-і жекеменшік сектордың үлесінде. Облыста 3 пен 6 жастағы балалардың қамтылуы 100% болса, екі жастағы балалардың қамтылуы 54,7 %-ті құрайды.

– 25-90 орындық мемлекеттік балабақшаларда жан басына шаққандағы қаржы жетіспеуі орын алуда. Қазіргі кезде 1,7 млрд теңге қажеттілік туындап отыр. Тиісті нормативке өзгеріс енгізу үшін БжҒМ-ға ұсыныс берілді, – деді Б Шәменова.

Орта білім беру саласына тоқталсақ, облыста жалпы 311 мектеп бар (295 мемлекеттік, 16 жеке), ондағы оқушылар саны – 176 771. Аймақта 4 350 орынға арналған 9 мектептің құрылысы жүргізілуде. Аталған мектептер 2 үш ауысымды, 2 апатты, 2 орын тапшылығы бар мектеп мәселесін шешетін болады. Жалпы апатты, үш ауысымды, орын тапшылығы мәселелерін шешу бағытында 2025 жылға дейін 52 мектеп құрылысын салу жоспарланған. Биыл 7 мектептің күрделі жөндеуіне 2,7 млрд. теңге бөлінді, 9 мектепке күрделі жөндеуге жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

– Қосымша білім беру бойынша айтсақ. Балаларға қосымша білім беретін 60 ұйымда 53 279 бала қамтылған. Биыл Қызылорда қаласында 150 орындық қосымша білім беру орталығы, Қармақшы ауданында 150 орындық тыныңу лагері, Жалағаш ауданында 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі ашылады. Балаларды қосымша біліммен қамту көрсеткішін 85%-ке жеткізу үшін 514 млн теңге қаржы қажет, – деп атап өтті Балжан Мәрәліқызы.

Техникалық және кәсіптік білім беру бағытында 2021-2022 оқу жылында 30 колледжде аймақтың еңбек нарығына қажетті 97 мамандық 163 біліктілік бойынша барлығы – 19 692 студент білім алуда. Биылға 4708 орынға мемлекеттік тапсырыс берілген. Колледждердің материалдық-техникалық базаларын заманауи құралжабдықтармен қамтамасыз ету ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан жүзеге асырылды. 9 колледждің материалдық-техникалық базасын жабдықтау үшін республикалық бюджеттен 2,7 млрд теңге қаржы қаралып, заманауи құрылғылармен жабдықталған.

Жалпы білім саласында былтырғы инвестиция көлемі 11,8 млрд теңгені құраса, биыл ол 6,5 млрд теңге болады деп жоспарлануда. Сонымен қатар биыл жеке инвесторлар есебінен 3 мектеп құрылысы салынуда.

Екінші үлкен саланың бірі – денсаулық сақтау. Облыс халқының саны 828,8 мың адамды құрайды. Биылғы 1 қаңтарда медициналық ұйымдарға 804 124 тұрғын тіркелген. Оларға медициналық көмекті 260 медицина ұйымы көрсетеді. Жалпы қаржыландыру көлемі былтыр 88,6 млрд теңге.

Қаладағы емханалардың жүктемесін төмендету мақсатында қазір Тасбөгет кентінде орналасқан №4 қалалық емханаға бұрынғы қалалық туберкулезге қарсы аурухана ғимаратын, бұрынғы «Облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясы» ғимаратын қалалық туберкулезге қарсы аурахана қайта бейімдеу жұмысы жүргізілуде. Қазіргі кезде мемлекеттік сараптама қорытындысы күтілуде. Сондай-ақ, бұрынғы облыстық психикалық денсаулық орталығының ғимараты «Орталық емхана» болып қайта бейімделді. Жалпы құны 6,4 млрд теңге құрайтын 200 төсектік модульдық инфекциялық ауруханана қазіргі таңда науқастардың болмауына байланысты қайта бейіндеу мәселесі туындауда. Бұл мақсатта облыстық фтизиопульмонология орталығының базасынан «Оңалту орталығы» немесе «облыстық онкологиялық ауруханасын» ашу көзделуде, – деді Б.Шәменова.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласында IV санаттағы Облыстық қан орталығын салу жобасына мемлекеттік сараптама жүргізіп, жоба-сметалық құжаттама әзірлеуге жергілікті бюджет есебінен қаражат бөлініп, 2,6 га жер учаскесі бөлінген. Оның құны 2,9 млрд теңгені құрайды. Жобаға республикалық бюджет есебінен 250 млн теңге мөлшерінде қаражат бөлу көзделген. Сондай-ақ, облыстық денсаулық сақтау ұйымдарына 16 дәрігерлік амбулатория ғимаратын салу қажет етеді. Қазір 14 нысанның сараптама қорытындысы шыққан, екеуінікі жасалуда.

Облыста маман тапшылығы 144 дәрігерді құрайды. Биыл өңірге 31 резидент келеді деп күтілуде.

Ана мен сәби өлімі бойынша аймағымыз республика өңірлерінің ішінде жоғары болып тұр. Биылғы 3 айда облыс көлемінде 1 жасқа дейін 74 бала шетінеп, былтырғы жылмен салыстырғанда (2021 жыл – 39 сәби), 2 есеге жоғарылаған. 2 ана өлімі орын алған.

Тұрақтылық мызғымауы тиіс

Жиында сонымен қатар облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртайдың баяндамасы тыңдалды. Ол өзі жетекшілік ететін сала бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларды саралады.

– Бүгінде еліміз өзінің дамуындағы жаңа кезеңге қадам басты. Бұл сындарлы кезең әрқайсымыздан қажырлы еңбекті талап етеді. Бүгінгі күні өңірімізде қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Облыста әлеуметтік саяси шиеленістің алғышарттарын анықтау бойынша тұрақты мониторинг жүргізіліп, өзекті мәселелер тоқсан сайын «Ықтимал әлеуметтік шиеленіс ошақтары картасына» енгізілуде. Анықталған мәселелерді жедел әрі оңтайлы шешу бойынша шаралар қабылданады. Былтыр «Ықтимал әлеуметтік шиеленіс ошақтары картасына» 34 мәселе енгізіліп, 19 мәселе оң шешімін тапқан. Ал, биылғы жылдың I тоқсаны бойынша картаға 22 проблемалық мәселе енгізіліп, 8 мәселенің өзектілігі жойылды. Қалған мәселелер бойынша құқық қорғау, арнайы және прокуратура органдарымен ведомствоаралық деңгейде жұмыстар үйлестірілуде, – деді ол.

Биыл жергілікті тұрғындар тарапынан жер дауы мен компаниялардағы жалақы мәселесіне байланысты наразылықтар жиі орын алған (37 жиын) және олардың басым көпшілігі облыс әкімдігіне келген. Ықпалды азаматтық қоғам – мемлекет дамуының негізі. Бұл орайда Қызылорда облысында 1193 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Осы жылы облыста 105 әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға 765 млн 30 мың теңге қаралды. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы жобалар салалық принцип негізінде 13 бағытты қамтып, үкіметтік емес ұйымдар тарапынан 460 адамды жұмыспен қамту жоспарланды.

– Қоғамның ажырамас бөлігі – жастар. Облыс халқының 21,6 процентін құраушы жастар саны – 176 300. 2020 жылмен салыстырғанда жастардың бірқатар негізгі көрсеткіштерінде төмендеу байқалады. 2021 жылдың қорытындысымен жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,1 процентті (2020 ж. – 4,3%) құраса, NEET санатындағы жастар үлесі 7,9 процентке төмендеді (2020 ж. – 8,3%). Сондай-ақ, 79169 жас мерзімдік және тұрақты жұмыспен қамтылса, 1500-і жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік грант иеленді. Дегенмен, NEET санатындағы жастар үлесін төмендету, оларды жұмыспен қамту және кәсіпкерлікке баулу, жұмыс жасайтын жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері әлі де өзекті болып қалуда. Осы ретте, NEET санатындағы жастарды анықтау, қоғамға бейімдеу мақсатында адрестік жұмыстар қолға алынды. Атап айтқанда, облыстық жастар ресурстық орталығында NEET санатындағы жастармен жұмыс жасайтын арнайы бөлім құрылып, қала, аудандық орталықтарда жауапты мамандар бекітілді, – деп атап өтті Қ.Нұртай.

Былтыр 5052 жас тұрғын үй кезегіне тұрса, соның 234-і, яғни, 4,6 проценті ғана баспаналы болған. Осы ретте Қайрат Нұртай «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының жалғасы ретінде жастар мен жас отбасыларға арналған «Орда» Жол картасын қайта жандандыруды ұсынды.

Көшке ілесу көп міндет жүктейді

Жиында сөз алған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің негізгі макроэкономикалық даму көрсеткіштерінің басым көпшілігі республикалық деңгейдегі орташа көрсеткіштен төмен екенін айтып, орын алып отырған басты мәселелерді саралап берді.

– Баяндамалардан тыңдағандарыңыздай, аймақта күрделі проблемалық мәселелер жеткілікті. Қызылорда облысының негізгі макроэкономикалық даму көрсеткіштерінің басым көпшілігі республикалық деңгейдегі орташа көрсеткіштен төмен. Облысымызда өткен жылдың қорытындысымен құрылыс жұмыстарының көрсеткіші төмен болып (93,8%), өңірлер арасында соңғы орынға тұрақтады. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында өнеркәсіп өндірісі көлемі 4,2 процентке (224,4 млрд теңге) төмендеп, республикалық деңгейде «көш соңында» келе жатыр. Қазалы, Шиелі, Арал аудандарында бірнеше макрокөрсеткіштер бойынша қалыс қалу фактісі орын алған. Өнеркәсіп өнімі, құрылыс жұмыстары, өңдеу өнеркәсібі, тұрғын үйді пайдалануға беру, жалпы барлық салада төмендеу тенденциясы орын алған, – деп атап өтті облыс әкімі.

Президент Жолдауларында, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларда жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындап, оң нәтижелерге қол жеткізу міндеті тұрғаны белгілі. Мұнай өндіру көлемі өңірде жыл сайын төмендеуде. Былтыр өндіру көлемі 4,3 млн тоннаны (2020 жыл – 4,6 млн тонна) құраса, биылғы жылға 3,5 млн тонна өндіріледі деген болжам бар. Осы ретте аймақ басшысы орынбасары Мархабат Жайымбетұлына облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасына салалық министрлікпен «Сырдария» бассейнін геологиялық барлауға республикалық бюджеттен қаржы бөлу және барлау ұңғымаларын 3000 метр тереңдіктен астам бұрғылауға келісім алу жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

Премьер-Министр мен облыс әкімі арасында жасалған меморандум аясында биыл 879 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланған. Өткен жылдың қорытындысымен инвестиция тарту көлемі бойынша облыс республика деңгейінде ең төменгі нәтижені көрсеткен. Осы орайда Нұрлыбек Машбекұлы «көтере алмайтын шоқпарды беліне байлаған» сала басшыларын сынады.

– Былтыр инвестиция тарту көлемі бойынша облыс республика деңгейінде ең төменгі нәтижені көрсетті. Сөйте тұра, қаржыландырудың барлық көздері есебінен қанша инвестиция тарту мүмкіндігін есептемей, биыл 3 есе артық көрсеткішке Меморандум жасалған. Бұл – енді ақылға қонбайтын мәселе! Қала, аудан әкімдері, басқарма басшылары мәселені тек кабинет деңгейінде шешуді үйренген. Осы себепті өңірдің даму қарқыны жоқ. Жаңа жобалармен жұмыс жасалмаған. Мысалы, республикалық бюджетті нақтылау барысында Қызылорда облысы тарапынан Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне небәрі 8 млрд теңгеге ғана жоба мақұлданған. Ал, қалған облыстар кем дегенде 20-75 млрд теңге көлемінде жобалар ұсынып, өңірлеріне қаржы тартуда. Басқа облыстар қаржы тарту бағытында қалай қарекет ететінін Үкіметте жұмыс жасаған уақытында көрдім. Әр есікке кіріп, мәселені түбіне дейін жеткізеді. Ал, бізде ше? Бюджеттік өтінімді жолдаумен шектеледі. Бұл жауапты сала басшыларының жұмысты қажетті деңгейде ұйымдастыра білмей, немқұрайлық танытқанын байқатады. Бұл мәселе менің тұрақты бақылауымда болады, – деп қадап айтты облыс әкімі.

Сондай-ақ, пайдалануға беру мерзімі өткен нысандар туралы да айтып, нақты тапсырмалар жүктеді.

– Облыс көлемінде пайдалануға берілу мерзімі өтіп кеткен нысандар жетерлік. Соның бірі – құрылысы 2016 жылы басталған Шыны зауыты жанындағы темір жол құрылысы әлі күнге дейін пайдалануға берілмеген. Осындай нысандар халықтың билікке деген сенімсіздігін тудырады. Пайдалануға беру мерзімі өтіп кеткен нысандардың басым көпшілігі әлеуметтік нысандар. Бұл – жауапты басқармалардың құрылыс нысандарының кестеге сәйкес жүргізілуін уақытылы қадағаламауының нәтижесі. Тағы ескеретін бір мәселе, құрылысын аса қажет деп санап, оның құжаттамаларын дайындауға қаржы алып, ал құрылысын жүзеге асыруға келгенде дәрменсіздік танытатын әкімдіктер мен басқармалар бар. Дәлірек айтсақ, 2020-2021 жылдары 22 жоба бойынша жоба-сметалық құжаттама мерзімі өтіп, жүзеге аспай қалған. Жобалардың құжаттамасын әзірлеуге бюджеттен жалпы 54 млн теңге бөлінген. Демек, бұл қаржы «желге ұшты» деген сөз. Сондықтан, кез келген жобаны әзірлеу алдында оны қаржыландыру мен жүзеге асыру тетігін де ойластыру қажет. Бүгінде облыс бойынша жалпы құны 103 млрд теңге құрайтын 162 жоба бар. Олардың құжаттарын әзірлеуге жергілікті бюджеттен 4 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген. Жобаларды жүзеге асыру үшін бюджеттің мүмкіндігі ескерілмеген, – деп мәселені өткір қойған облыс басшысы орынбасары Мархабат Жайымбетовке жоба-сметалық құжаттарды әзірлеудің өзектілігі мен тиімділігін қарайтын арнайы кеңес құруды тапсырды. Сонымен бірге, кеңестің құрамында жобалау саласындағы сарапшылар және депутаттар болуы тиіс екенін, алдағы уақытта сол кеңес оң қорытынды қабылдағаннан кейін ғана жоба-сметалық құжат әзірлеуге қаржы бөлінетінін ескертті.

Жиында сондай-ақ, облыс әкімі Ресей мен Украина арасындағы геосаяси жағдайдың салқыны біздің елімізге де кері әсер ететінін айтып, шағын және орта бизнесті дамытудың маңыздылығына тоқталды.

– Қызылорда облысының экспорт құрылымында Ресей Федерациясына жіберілетін тауарлардың үлесі 17,8%-ті құраса, импорт үлесі 41% болып отыр. Қазірдің өзінде салынған санкциялар Ресей Федерациясынан жабдықтар мен басқа да өндірістік материалдарды сатып алатын аймақтағы кәсіпорындардың жұмысына кері әсерін тигізуде. Өз кезегінде, бұл өңірлік кәсіпорындардың шығынға ұшырауына және жұмыс орындарының қысқаруына алып келеді. Осыған байланысты, тиісті облыс әкімінің орынбасарлары Ресейге салынған санкциялардың өңірдің экономикасына әсерін азайту мақсатында жергілікті кәсіпорындармен кездесіп, форс-мажорлық факторларды анықтап, олармен бірлесіп тез арада іс-қимыл жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұдан бөлек, өңірдегі шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруды ұлғайту және қолжетімділікті арттыру қажет. Нарықтың құбылмалы кезеңінде инвесторлардың өзі ірі бизнес жобаларды қаржыландыруға тәуекелдері жете бермейді. Дағдарыстан қорқады. Сондықтан, шағын және орта, «гаражды бизнес» (үй немесе шағын нысандағы өндірістер, цехтар) идеяларды қолдап, шағын цехтар жұмысын жандандыру қажет. Қызылорда облысының жандандыру палатасы тек кәсіпкерлер құқығын қорғау, олардың арыз-шағымдарын қараумен шектелмей осындай жобаларды жүзеге асыруда белсенділік таныту қажет! – деп нақтылады Н.Нәлібаев.

Өңір аграрлы-индустриялық аймақ қатарында. Экономиканың негізгі көлемі мұнайдан кейін ауыл шаруашылығы саласына тікелей байланысты. Су тапшылығына байланысты биыл егін көлемі өткен жылмен салыстырғанда 25 пайызға қысқарып отыр.

– Бұл тек егістік көлеміне ғана қатысты емес, ондағы жұмысшылардың да қысқаруына әкеп соғады. Кейбір аудандарда жер дауы мәселесі (Қармақшы және Сырдария аудандары) салдарынан әлі де болса шаруашылықтардың дайын еместігі байқалады. Биылғы жылға вегетациялық кезеңге бөлінетін су лимиті бекітілген жоқ. Шаруа қожалықтары ауыспалы егістік қағидаларын сақтауда үлкен тәуекелдер бар екенін жеткізуде. 23 сәуірде «Дала күні» салтанатты шарасында облыстың шаруа қожалығы басшыларын жинап, саладағы проблемалық мәселелерді талқылайтын боламын, – деді облыс әкімі.

Тағы бір өзекті мәселе – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларының тұрақтылығын сақтау. Президент биылғы Жолдауда дағдарысқа қарсы шаралар қабылдауды тапсырды. Үкімет басшысымен апта сайын мәжіліс өткізуді тұрақты бақылауға алған. Дегенмен, соңғы аптада бірқатар азық-түлік бағаларының өсу факторы байқалады (5 өнімнің бағасы өскен. I сортты нан – 5,6%, макарон – 7,5%, пияз – 23,6%, капуста – 4,6%, қант – 2%). Сарапшылардың пікірінше елде ұн тапшылығының болуы ықтимал. Осы орайда аймақ басшысы тиісті сала басшыларына астық нарығында сұраныстың артуына байланысты облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясының» ресурстары арқылы астық бөлінуін және облыс халқын қажетті ұнмен қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, облыс әкімі қаладағы үш ауысымда оқытатын мектептер, денсаулық сақтау саласында ана мен бала өлім-жітімінің көбеюіне, қала тазалығына байланысты да орын алған мәселелерге тоқталып, сала басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді және өз қызметтік міндетін мардымды орындай алмаған аудан әкімдері мен бірнеше басқарма басшысыларына «сөгіс» берді. Жиын соңында облыс басшысы аудан көлеміндегі мәселе сол жергілікті жерде шешілуі керек екенін айтып, аудан әкімдеріне Президент тапсырған ««Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын ұстануды ескертті.

– Нақты мәселесі бар тұрғындарға Облыстық мекемелер үйінің есігі қашан да ашық болуы қажет. Дегенмен, облыс әкімінің орынбасарлары, барлық басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері өз деңгейлеріңізде шешетін мәселені, облыс әкіміне дейін жеткізбеу қажеттігін ескертемін! Өздеріңіз білесіздер, өңірде 24 облыстық басқарма жұмыс жасайды. Енді, соның 8-і қысқарып, облыс әкімдігінің құрылымында 16 басқарма қалатын болады. Бұл бізге қызметтердің қайталануын жоюға, жалпы жұмыс мөлшерінің тепе-тең реттелуін қамтамасыз етуге және басшылық құрамды оңтайландыру есебінен әкімшілік шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді. Дәл осылай қала және аудан әкімдіктерінің де құрылымын өзгерту қажет. Сондай-ақ, осы тапсырма аясында әкім аппаратында бұдан әрі облыс әкімінің штатты және штаттан тыс кеңесші лауазымдары болмайды. Бұл қала және аудан әкімдеріне де қатысты. Менің ойымша, біздің кеңесшілеріміз – ол халық! – деп шегелей түсті облыс әкімі.

Үш сағаттан аса өткен жиында өңірдің әр саласы баса назарға алынып, атқарылып жатқан жұмыстар, алдағы міндеттер, туындаған мәселелер жан-жақты сараланып, талқыланды. Аймақ басшысының сын-ескертпелері мен тапсырмалары нәтижеге бастайды деп білеміз.

АУЫЛ ТАҒДЫРЫ АЛАҢДАТАДЫ



Өткеннің парқы мен бүгінгінің нарқы

немесе атакәсіп қалай оңалмақ?

Мен Шиелі ауданындағы Ш.Қодаманов ауылының тұрғынымын. Жасым 75-те, еңбек ардагерімін. Қырық бес жылдан астам өз ауылымда, бригадирден бастап ұжым басшысы қызметтерін атқардым. Егемен Қазақстанның «Құрмет» орденінің иегерімін. Барлық ауылдардың бұрынғы және қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсы білемін.

Біздің ауыл бұрынғы «Төңкеріс» колхозының жұмыс істеу тәсілі нарықтық заман талабына сай келетін. Қажетті азық-түлікті өзіміз егіп, өзіміз өндіретін едік. Ұн диірменіміз болды, бидайды тартып, күрішімізді ақтап беретін. Жүгері, күріш, бидайдан шыққан қалдықты қосып майдалап, жемді де, жоңышқадан мыңдаған тонна шөпті де дайындап алатынбыз. Ауыл шаруашылығы техникаларын жөндейтін шеберханамызда токарь станогы және темірді қыздырып түзейтін ұстахана мен сынған бөлшектерді жалғап дәнекерлейтін агрегаттар үздіксіз жұмысын атқарып тұрды.

Егін және мал шаруашылығын қатар алып жүрдік. Ауыл іргесінен бастап 3500 гектар инженерлік жүйемен тегістелген, сегіз танапты күріш егуге арналған бес ауыспалы егін алқабы болды. Агротехника талабына сай 3 жыл күріш, 3 жыл жоңышқа егілді. Жаңадан себілетін жоңышқаға қажетіне қарай бидай мен соя қосып егіледі. Сегіз танапты алқаптың үшеуіне күріш, екеуіне ескі жоңышқа, екеуіне жаңа жоңышқа, қалған сегізінші танабына жүгері егіп, оны ерте жинап алып, орнын күзде тегістеп келесі жылы күріш егуге дайындайтын. Сонда 3500 гектар жердің 1500 гектарына күріш, қалғанына жоңышқа, бидай, соя, жүгері егіледі. Жер азып-тозбайтын. Еккен егініміздан үнемі пайдамен шығамыз. Сол уақытта колхозда 3500 сауын бағытындағы сиыр болды, бірақ жылда шығынмен шығатын. Егіннен шыққан табыс 3000-нан астам халықты асырап, сонымен қатар сиырдан келген шығынды өтейді. Колхоз өз қаражатымен ауылда мектеп, балабақша, мәдениет үйі, монша, сауын сиырға арналған мал қоралар (коровник) салып алды. Колхозшылар 6 ай дикан, 6 ай малшы, яғни жыл бойы жұмыста болады. Колхозшы, дикандар мен механизаторлар жыл аяғында келісім-шартта көрсетілген өнімнен артық берсе, түскен табыстан алды 5000, кейінгісі 500 сом аралығында қосымша еңбекақы алатын.

Ауыл халқының тұрмысы 1970-1990-жылдары жақсы көтерілді. Ұрлық деген болған жоқ, күріш егіп жатқанда артылған тұқым күріші тіркемеде егістік басында тұра береді. Күріш жинап жатқанда, бұзылып қалған комбайнның бункеріндегі астыққа ешкім тимейтін. Ұрланғаннан гөрі мол өнімді түгел өткізіп, жыл аяғында қосымша еңбекақы алғанды дұрыс көретін. Ел болып сол үшін күресетін. Осындай берекелі тірліктің арқасында колхоз өз күшімен жылда 2-3 жаңа үй салып, көпбалалы отбасы мен жас мамандарға, қосымша үй салу үшін өсімсіз ссуда берілді. Колхоз Сібірден тікелей құрылыс үшін қарағай бөренелерді адам жіберіп вагонымен алдыратын. Бөренелерді ауылдағы пилорамамен тіліп құрылысқа керекті материалдарды өзіміз дайындайтынбыз. Осындай берекелі, жоспарлы тірлікпен колхозда баспана салу қиынға түспейтін. Ауылда көп тірлік асармен бітеді. Ағайын қол жәрдеміне ақы талап етпейтін. Ынтымақ пен ауызбіршілік мықты еді. Осының бәрі ауылдың өткенінің еншісінде қалды.

Жекешелендіру басталғаннан 3500 сиыр мен қамбадағы артық сақтаған астықты, жанар-жағармай мен қосалқы бөлшектерді балалар жәрдемақысына беріп, 2-3 жылда түгел тауыстық. Жұмысшылардың еңбекақысын төлей алмадық. Салық пен зейнетақы да төленбей, ұжымымыз екі рет банкротқа кетті. Еккен дақылдар, істелген жұмыс өзін-өзі ақтамай, қарыз көбейе берді. 2003 жылы инвестор келіп банктен 22%-пен несие алып, жұмыс істей бастадық. Бұл да өзін-өзі ақтамады. Өйткені қара күріш келісін 15 теңгемен өздері бағалап, қарызға жұмыс істей бердік. Бұлардан кейін де 2 компаниямен бірге бастаған ісіміз алға баспады.

Қазір жеке кәсіпкерлермен жұмыс істеп жатырмыз. Жанар-жағармай, тыңайтқыш, қосалқы бөлшектердің бағасы бірнеше есе өсіп кетті. Бұрынғы техникалар тозып, несиеге шет елден қуатты жаңа техникалар алып, қарызбен жұмыс жүргізудеміз.

Инвестор тастап кетпейді, себебі пайда көреді. Ауылдағы жұмыс науқандық қана, жұмысшылар 6 ай бос. Науқанда тапқан табыспен халық жыл бойы өмір сүреді. Осы қиындықтарға шыдамай жастардың көбі тұрақты жұмыс іздеп құрылыс, мұнай компанияларына біржола кетті. Бұрын күріш егілетін бір танаптағы 70-80 гектар жерде үш адам жұмыс істесе, қазір бір-ақ адам жұмыс істейді. Күзде өтірік ақпармен мол өнім алып шыға келеді.

Жылдан-жылға Сырдарияның суы азайып, тапшы болып тұр. Судың мол кезінің өзінде күріш пісіп суы байланғанша, майда арықтардың ішін кейде 2 рет қолдап тазалайтынбыз. Қазіргі жағдайда жалғыз адам арықтың ішін қолдап орып тазалауға шамасы келмейді. Тіпті аз суды кезекке қойып, басқа жетпей жатқан жерге бергенде, өз жерінің алды-артын байлап, суын атызда ұстап қалуға шамасы жетпейді. Бұрын әр бригадада 30-40 адам жұмыс істесе, қазір 10 шақты адам ғана бар. Осы қиындықтардан шығудың жолын ойлап, ұсыныстарымды ортаға салып отырмын.

Бірінші кезекте бөлініп кеткендерді қосып, бір ғана ұжым жасау керек. Бұл аз суды бір жерден басқарып, кезекке қойып, тиімді пайдаланудан бастап, күрішті егудегі, жинаудағы аз техниканың бір жерден бірге жұмыс істегенде пайдалы. Қосылғанның бұдан басқа да бірнеше артықшылығы бар.

Екінші кезекте жастарды ауылда қалдырудың тиімді жолы – тұрақты жұмыс тауып беру. Ол үшін мемлекет шет елден сатып әкеліп жатқан асылтұқымды малды тек бір адамға беріп, сол адамды шексіз байытуға жағдай жасамай, ауылдағы ірі ұжымдарға беру керек. Сонда ауыл адамдарына жыл бойы жұмыс табылар еді.

Ауыл жастарын ауылда тұрақты қалдыру үшін «Дипломмен – ауылға» деген бағдарлама сияқты «Ауылда қал» деген бағдарлама жасау керек. Бағдарламаның көптеген жақсы жақтары бар. Жаңадан отау құрған жастардың бала санын көбейтуге тәуекелі төмендеп барады, 2 баламен шектейді. Егер арнайы бағдарлама болса, халық саны артар еді. Көпбалалы отбасындағы үш-төрт бала үйленген соң бір үйге сыймайтыны анық. Тұрақты жұмысы болмай, мәжбүрліктен қалаға кетіп жатқаны баршылық. Әрі барған жерінде баспана кезегін көбейтуде. Ол жақта да жағдайы болмай, қиындықпен өмір сүреді. «Ауылда қал» бағдарламасының аясында жер, үй салуға жетерлік қаражат берілсе, ол үйді өздері салып, жұмыспен өздері қамтылса екен. Үй салатын қаражат өздерінде қалып, тұрмысы жақсарып, тарықпайды және баспаналы болатын еді. Үй біткеннен кейін өсімсіз алдына мал салып берсе, кәсіпкер болып ауылда біржола қалады. Үйі салынып, малы алынып әрі карай жақсы болып кетуі ауыл әкімінің қатаң бақылауында болсын. Бағдарлама талаптарының орындалуына ауыл әкімі жауапты болуы керек. Қазір ауылдағы жер сұраған адамға үй салуға 0,10 гектар жер телімі беріліп жатыр. Инфрақұрылымы бар көшеден 0,10 га жерге ғана рұқсат бар екен, бұрын 0,15 гектар беріліп келген. Сонда 5 сотық жердің шығынын ауырсынып тұр ма әлде дүниежүзінде жер көлемі жөнінен тоғызыншы орындағы Қазақстанда жер жетпей ме? Бұл 0,10 гектар жер аудан орталығында болса мақұл. Ал ауылда тұрған халық мал ұстайды, есігінің алдына қауын мен қызанағын, аз да болса жеміс ағашын егіп, жинап алмаса ауылда тұрып не керегі бар? 0,10 гектар жерге қысылып-қымтырылып өмір сүру обал емес пе?

Тағы бір айтылатын мәселе, ауылда жер телімі екі-ақ жылға беріледі. Біздің ауылдағы жаңа 3 көшенің пайдалануға берілгеніне 6 жылдан асып барады. Сол көшелерден көп адам жер алды, бірақ сол үш көшеде үш-ақ үй бой көтерді. Жер алған адамдар жағдайы жоқ үй сала алмай, мемлекетке қайта өтіп кетіп жатыр. Қазақстан азаматына өмірінде бір-ақ рет берілетін жерді біржола беру керек қой. Екіншісін сатып алсын. Бұлардың бәрін тізіп айтып жатқан себебім, «Ауылда қал» бағдарламасына қатысқан адамға есігінің алдынан кәсіп ашып, мал шаруашылығымен айналысу үшін қазіргі беріліп жатқан 0,10 гектар орнына 0,25-30 гектар болмаса, малмен бірге араласып өмір сүруге мәжбүр боласың. Сондықтан кәсіпкерлікпен айналыспайтын отбасыға 0,15 гектар берілсе болады. Бірақ түбінде жақсы өмір сүрем десе, кәсіпкерліктен өзге жол жоқ.

Келесі ұсыныс. Қазіргі жағдайда инвесторсыз жұмыс істеу мүмкін емес, сондықтан инвестор мемлекеттің өзі болғаны дұрыс. Қара халық жеке адамдарға тәуелді болып барады. Мемлекет «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» арқылы процентсіз несиені ауылға беріп, күзде өнімін корпорацияға сатуы керек. Сатып алу бағасын ауыл қарызға батпайтындай, екі жаққа да тиімді етіп белгілеп, шартқа отырып, дикан сол сомада өткізсе. Бар дүниені, тірлікті жекеге беріп тек салық жинап қана, жан тыныштықта отыру дұрыс емес. Жеке адамның шексіз баюына жағдай жасамай, Үкімет тарапынан қолдау мен жеңілдік жасаса жақсы болады. Сондықтан ауылға арзандатылған жанар-жағармай, тыңайтқыш, жаңа техниканы және асылтұқымды малды, күріштің, бидайдың жаңа сорттарын «Азық-түлік корпорациясы» арқылы алған дұрыс болар еді. Ауыл шаруашылығы басқармасы үйлестіру жұмыстары мен талаптардың орындалуына жауапты болса. Сол кезде жемқорлар мен алаяқ делдалдарға, саудагерлерге қара халық жем болмас еді. Корпорация сатып алған дақылдарды өздері өңдеп, базарлар мен дүкендерге қолжетімді бағамен таратып, бағаны белгілесе, бүкіл елде тұрақты ұстап тұрар еді.

Мен көпті көрген ауыл тұрғынымын. Өмірімнің жартысы кеңес дәуірінде, жартысы нарық заманында өтіп жатыр. Қазір алдымызда жақсы күн бар деген үмітпен өмір сүрудеміз. Рас, ауылда бірлі-жарым жеке кәсібі барлар жақсы көтеріліп келеді. Бюджетте жұмыс істейтіндер мен үйінде зейнеткерлері барлар орта деңгейден төмен күн кешуде. Президент жаңа Қазақстанды бірге құрамыз деп халыққа Үндеу жолдады, Үкіметке тапсырма берді. Сол бағдарламаға қосар ұсынысым, бұрынғы колхозды қайта орнат демеймін, бірақ сол колхоздар нағыз нарықтық жүйемен жұмыс жасады. Сондықтан жаңа Қазақстандағы жаңа ауылды құру үшін бұрынғының жақсы жақтарын алып, оған ауыл шаруашылығы ғалымдарының тиімді ұсыныстарын қосып, қасиетті мекенімізді өркениетті елдердің ауылдарының қатарына қосайық. Жан-жақта жұмыс іздеп жүрген жастарды қайтарайық. Олардың көбісі арзан жұмыс күші болып жүр. Бала-шағасы ауылда екі көзі төрт болып әкесін күтуде. Азын-аулақ тапқан қаржысы әйел-баласының киімін жаңартуға жетсе, тамағына жетпей тарығуда. Ауылдағы кәсіп – егін мен мал шаруашылығы ғана. Егінмен айналысудың жағдайын жоғарыда айтып өттім. Үкіметтен несие алып, кәсіп ашып, малмен айналысайын десе, жайылым жоқ, жем-шөп қымбат. Біздің облыста күріш егіп жерді тұздан тазалап жуып алмасақ, басқа дақылдар өнім бермейді. Жеріміз осы әдіске тәуелді болып қалған. Сондықтан одан қол үзе алмаймыз. Сырдария суының тартылып бара жатқанына байланысты күріш дақылын азайтып, бір жерге үш жыл емес, екі жылдан егіп, бидай, жүгері, соя, жоңышқа, бақша дақылдарын көбейту керек. Ол үшін ауыспалы егістің агротехникалық ротациясын, (жүйесін) ғылыми тұрғыда қайта жасау керек. Олай болмаса жер азып-тозады.

Оқырман қауым осы ұсыныстарыма өз пікірлеріңізді білдірулеріңізді сұраймын.

Құрманбек ҚАРАКЕЕВ,
еңбек ардагері, Құрмет орденінің иегері

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Даланың данагөйі атанған от ауызды, орақ тілді, бір ауыз сөзбен дауды шешкен қарттарымыз «Әкең өлсе де әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген қанатты сөзді бүгінгі ұрпаққа арнап айтқандай. Кәсіпкер інім Есентай Тайбасаров келіп «аға, сол кездері жас болсаңыз да, әкемнің көзін көрген санаулы кісілердің бірісіз, соғыс және еңбек ардагері, бұрынғы партия қызметкері, соғыстан кейінгі ауыр жылдары Жалағаш ауданының екі колхозының төрағасы, екі мекемені басқарған, №15 кәсіптік-техникалық училищенің материалдық-техникалық оқу базасының нығаюына елеулі үлесін қосқан, сол оқу орнының директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, өмірінің соңына дейін училищенің оқу шаруашылығын басқарған, әкем Әсейбілда Тайбасаров жайында естелік жазыңыз» деп өтінді. «Олардың өтінішін орындамасқа болмайды, ертең бізге қызмет жасайтын солар. Бұл да үлкендік міндет» деп қолыма қалам алдым.

Екі майданның ері

Әсекеңнің өмірдеректерін соғыстағы, бейбіт еңбектегі деректерін жинақтадым. Ол кісімен қызметтес болған, көзі тірі екі-үш адаммен кездесіп сөйлестім. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасынан архивтік мәліметтер алуға қол жеткіздім.

Әсейбілда Ізімбайұлы Тайбасаров 1917 жылы бұрынғы Карл Маркс ауылдық кеңесіне қарасты «Қызыл Ту» колхозында (қазіргі Бұқарбай батыр ауылы) шаруа отбасында туған. Дүниені дүр сілкіндірген Қазан төңкерісінің құрдасы. «Заманына қарай адамы» дегендей, жаңа қоғамның талабына сай ауылдағы бастауыш мектепті бітірген.

1929 жылдан бастап колхозға мүше болып еңбекке араласа бастайды. «Қызыл Ту» колхозының мүшесі, колхозда есепші, төраға хатшысы болып жұмыс атқарған. 1934 жылдың қыркүйек айында Қызылорда қаласындағы екіжылдық педкурсқа түсіп, оны 1936 жылы бітірген.

1936 жылдан 1939 жылдың қыркүйек айына дейін «Қызыл Ту» колхозындағы бастауыш мектепте мұғалім болып жұмыс атқарған. 1939 жылдың қыркүйек айында әскерге алынған. Атақты Маннергейм бекінісін алудағы қырғын шайқасқа Әсекең де қатысқан. Герман фашизмі 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Польшаны басып алып, вермахтың бақайшағына дейін қаруланған армиясы Кеңес Одағы шекарасына жақындай түскен еді. Германиямен келісімге келген миндер өздері мен одақтастарына сенімді болатын. Революция бесігі болған Ленинград миндермен бар болғаны 32 шақырымда. Сол жылы Кеңес үкіметі «Жалпыға бірдей ер азаматтарды міндетті әскерге шақыру» заңын қабылдады. Аталған заңның негізінде сол заманның құрақтай болып өсіп келе жатқан жас толқын ерлері осы соғыста опат болған еді.

Шайқастан аман шыққан Әсекең 1942 жылдың басынан екінші майданға Ленинградты қорғау шайқасына 12-артиллерия дивизиясы взвод командирінің орынбасары болып соғысқа қатысқан. 1943 жылдың соңында ауыр жарақаттанып, Саранск қаласындағы 3051 эвогоспиталінде емделді. Жазылып шыққаннан кейін Коломин қаласындағы әскери зауытты күзететін взвод командирінің орынбасары болып қызмет атқарды. Әскери комиссия Әсекеңді еліне барып, денсаулығын түзетуге шешім шығарады. Елге келген бұрынғы педагог, саяси қызметкер, сауатты, орыс тілін жақсы меңгерген Әсекеңді аудандық партия комитеті нұсқаушылық қызметке қабылдайды. Бұл қызметті 1944 жылдың қазан айына дейін атқарады. Қайтадан майданға шақырылып 52-гвардиялық дивизия құрамында соғысқа қатысып, жеңісті Берлинде қарсы алады. Әскери қызметін Германияда 1945 жылдың қарашасына дейін жалғастырып сол жылдың соңында елге оралған. Жалағаш аудандық партия комитетінде нұсқаушы, әскери бөлімінің меңгерушісі, ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарған. 1951 жылы Жалағаш ауданының К.Маркс колхозының төрағалығын атқарған. Замандастары мен қызметтестерінің айтуынша, Әсекең аққөңіл, ақжарқын, досқа адал, ағайын-туыстарға бауырмал, әр істі байыбымен шешетін. Жаны таза, қолы адал, халықпен жұмыс істесе білетін, қандай қызметте болмасын, қоғамның, мемлекеттің мүддесін бірінші қоятын, орындаушылық тәртіпті қатаң сақтайтын, өз міндетіне берілген халқына қамқоршы кісі еді. Дүниеге қызықпайтын, берекесіз істерге бармайтын, көпшіл азамат. Сөзім дәлелді болу үшін Ә.Тайбасаров К.Маркс колхозының төрағасы болып тұрғанда оның үстінен жазылған домалақ арызды аудандық партия комитетінің тапсырмасымен тексеру жүргізген аупарткомның ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы, аудан тарихын жетік білетін Жайық Есіркепұлының «Аманат» кітабынан үзінді келтіруді жөн көрдім.

«1952 жылдың мамыр айында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бисенбин К.Маркс атындағы колхозда тоқтамай тұрған дауды шешуге Есіркепов жіберілсін депті. Осыдан бұрын екі рет тексеруге барғандардың жасаған қорытындысына тоқтамаған арызқойлар жоғарыға үшінші рет жазған. Үлкен жолдың бойындағы «Қызыл Ту», К.Маркс атындағы колхоздардан біріккен үлкен шаруашылық болатын. Әсіресе, арыз жазып, бірін-бірін қудалау, басшыларына ашкөздікпен қарайтындар көбірек кездесетін. Колхозға барғаннан кейін адамдармен жеке-жеке сөйлесуге тура келді. Төрағасы Ә.Тайбасаров оқуға кеткен жерінен шақырылды. Арызда «тораға, ферма меңгерушісі Смайловпен бірлесіп, 19 бас сиырды Қызылордаға апарып саттырды. 40 бас ірі қара майдаланып кетті. 25 тонна күрішті кіріске алмай, колхоз қоймасында сақтап, оңды-солды таратып жатыр. Колхозшылардың жазылған заем облигацияларын бухгалтер М.Кіребаев толық таратпаған» деген сияқты мәліметтер бар. Оның үстіне бұл істерге аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушілерді де байланысты делінген. Бұл арызды Мәскеуге бүкілодақтық мемлекеттік бақылау кеңесінің төрағасы А.Андреевке тікелей жолдаған. Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовтің, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Бекталеевтің бұрыштама қолдары бар.

Жоғарыдағы фактілерді біртіндеп зерттей келгенде, «колхоздың асылтұқымды айғырын астыртын саттырды, оқуға кетерде 30 мың сом ақшаны Тайбасаров заңсыз алып кетті» деген өтірік болып шықты. Ферма бастығы Смайловқа тағылған кінәлары дәлелденбеді. Колхозшылардың түсініктемелерінде арыздағы фактілерге өздерінің қатысы жоқтығы, басшылардың адалдығы айтылып, заемдарын өздері алған болып шықты. Қарақұмға ерте көшуіне байланысты 6 адамның қолына облигацияның тимегені анықталды.

Халық қалаулысы болған Айымкүл Ізтілеуованың да бірлікке шақырған сөзі домалақ арыз жазушылардың бетпердесін ашты. Колхоздың тексеру комиссиясының төрағасы тексеру барысына бастан-аяқ қатыстырылды. Тексеру біткеннен кейін әуелі басқарма мәжілісінде, онан кейін бастауыш партия ұйымының жиналысында және колхозшыларының жалпы жиналысында, қорытындысы баяндалып, домалақ арыз түгелдей оқылды. Сөйтіп басқарма мүшелерін, тексеру комиссиясын және арыз жазып қоймай жүрген мүшелерін, күдіктілерді аудандық партия комитетінің бюросына бірге алып келіп есеп бердім. Тексеру қорытындысы дұрыс дәлелді шықты да бюрода айтыс-тартыс болмады. Арыздағы көптеген фактілер өтірік жазылғаны айтылып, бірқатар кемшілік болғаны көрсетіліп, жоғарыға жауап хат жазылды» деп қорытындылайды. Жайық Есіркепұлы сол бір айтыс-тартысқа толы заманда К.Маркс колхозының төрағасы Әсейбілда Тайбасаровтың үстінен жазылған домалақ арызды тексеруге, әділдікпен шешуге іскерлікпен күш салған. Осындай қиянатты төзімділікпен көтерген менің кейіпкерім, колхоз төрағасы Ә.Тайбасаровты 6 жыл майдандағы және бейбіт еңбектің қаһарманы деуге болады. Халық пен басшылықтың сенімінде болған Әсекең К.Маркс колхозын 1954 жылға дейін басқарып, сосын «Таң» колхозының төрағасы болған. Кейіннен аудандағы кесек құю және май заводының директоры қызметін атқарған.

Ол 1969 жылы дүниеден өткен. Құдай қосқан қосағы Шарипа жеңгей екеуі 5 ұл, 5 қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Бұл дүниеден өткендері де бар, ұрпақтары кең байтақ елімізде еңбек етуде.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының құрметті азаматы

ЖЕР – МЕМЛЕКЕТ ҚАЗЫНАСЫ

Жерге мемлекеттік меншіктің субъектісі – мемлекет, яғни Қазақстан Республикасының өзі. Жердің меншік иесі ретіндегі мемлекеттің құқықтарын заң актілерінде белгіленген ережелерге сәйкес оның атынан мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады. Осы орайда облыс көлемінде жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі ретінде облыстық жер ресурстарын басқару департаменті танылады.

Бұған дейін жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлігі болып келген уәкілетті орган Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағына өтті. Сондай-ақ, «ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Үкімет қаулысына сәйкес, департамент облыстың жергілікті атқарушы органының, жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның (Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы) құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып айқындалғандығын айта кету қажет.

Жалпы, былтыр көлемі 16,8 гектарды құрайтын жер учаскелерінде 83 бақылау шарасы жүргізілді. Бақылау шаралары нәтижесінде жалпы көлемі 8,9 гектар учаскелерде 59 субъект тарапынан 61 құқық бұзушылық анықталды. 42 дерек бойынша 5411,035 мың теңге көлемінде айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылса, әкімшілік іс өндірісі қозғалмай 19 заң бұзушылықты жою туралы нұсқама берілді. Салынған айыппұлдың 5323,525 мың теңгесі мемлекетке өндірілсе, 87,51 мың теңгені мәжбүрлеп өндіру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, заң бұзушылықтарға жол берген тұлғаларға қосымша 4 млн 158 мың теңге экономикалық шара қолданылды. Атап айтқанда, 2020 жылдың қорытындысы бойынша көлемі 38,89 гектар болатын 38 кәсіпкерлік мақсаттағы жер учаскенің жер салығының мөлшерін жоғарылату мақсатында оны пайдаланбаған және заңнаманы бұза отырып пайдаланған тұлғалар туралы мәліметтер мемлекеттік кірістер департаментіне жолданды. Бүгінгі күнге мемлекеттік кірістер департаменті 2 млн 300 мың теңге қосымша салық өндірді.

Нұсқама талаптарының орындалуына жүргізілген бақылау-тексеру жұмыстары нәтижесімен, талаптарды орындамаған 7 тұлғаға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі бойынша әкімшілік іс өндірісі қозғалып, мамандандырылған әкімшілік сотқа жолданды. Нәтижесінде бұл фактілер бойынша 1 млн 858 мың теңге көлемінде айыппұл салынған. Бақылау шаралары кезінде облыс аумағында кәсіпкерлік мақсаттағы көлемі 5,6 гектарды құрайтын 17 жер учаскесінде заң бұзушылықтар анықталды. Соған сәйкес, оларды жою туралы нұсқамалар берілгеннен кейін, жер учаскесіне құқық ауыртпалығын тіркеу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының облыстық филиалына жолданды. Ал, мақсаты бойынша пайдаланылмаған жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою жөнінде сотқа көлемі 17,67 гектарды құрайтын 33 жер учаскесі бойынша талап-арыз берілді.

Қазір көлемі 7,12 гектарды құрайтын 12 жер учаскесі мәжбүрлеп алынса, кәсіпкерлік мақсаттағы 6 жер учаскесі (3,12 гектар) бойынша талап-арыздар сотта қаралуда. Көлемі 7,43 гектар 15 жер учаскесі бойынша берілген талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылды. Бұдан бөлек, аудандық жергілікті атқарушы органдардың, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдерінің қабылдаған шешімдерінің заңдылығына жүргізілген бақылау шараларымен 3 нұсқама беріліп, заң бұзушылықтар толығымен жойылды.

Ауыл шаруашылығы жерінің игерілуі ел экономикасы әрі халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпалы зор. Осы ретте пайдаланылмай жатқан және ҚР заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жүрген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне бақылау жүргізудің маңызы ерекше. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға сәйкес Жер кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға дейін аудандық (қалалардағы ауданнан басқа), облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының құзыретіне ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жатқызылған.

Тиісінше, былтыр жергілікті атқарушы органдар жерді пайдаланбау немесе заңнаманы бұза отырып пайдалану белгілері бар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жайылымдық жерлерде бақылау шараларын жүргізді. Ол бойынша көлемі 10281,7 гектар болатын 42 жер учаскесінде заң бұзушылық анықталған. 38 жер учаскесі бойынша ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 338-бабымен (Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау) ескерту түрінде әкімшілік жаза қолданылды. Қалған 4 жер учаскесі бойынша 58,34 мың теңге көлемінде айыппұл салынып, толығымен мемлекетке өндірілді. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар берілген.

Былтыр мақсаты бойынша пайдаланылмаған немесе заңнаманы бұза отырып пайдаланған ауыл шаруашылығы мақсатындағы көлемі 79200,73 гектарды құрайтын 144 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды.

Алдағы уақытта да департамент тарапынан жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау тұрақты жүргізілетін болады.

М.ТІЛЕУОВ,
облыстық жер ресурстарын басқару департаментінің бөлім басшысы

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы облыстық бюджеттің №019 бағдарламасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеу жөнінде 2022 жылға арналған конкурс өткізеді

Хабарландыру: Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы облыстық бюджеттің №019 бағдарламасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеу жөнінде 2022 жылға арналған конкурс өткізеді.

Конкурстық құжаттар мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі н/з, № 212 кабинет.

Анықтама телефоны: 8(7242) 60-54-50.

Конкурс құжаттарын қабылдау және конкурс өткізілетін мерзімі:

- конкурс құжаттарын қабылдау мерзімі жергілікті басылымдарға жарияланған күннен бастап 1 ай мерзімде.

Конкурс құжаттарының Қағидасын http://www.e-kyzylorda.gov.kz сайтынан немесе жоғарыда көрсетілген мекен-жайдан алуға болады.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы «11» қыркүйек №275
қаулысымен
бекітілген

Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және оларды облыстық бюджет қаражаты есебінен енгізу мен тарату үшін Қызылорда облысының агроөнеркәсіп кешені (бұдан әрі – облыс АӨК) саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастырудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) агроөнеркәсіптік кешен – ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және өткізуді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін ілеспе өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілері – агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

3) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте облыстың АӨК инновациялық тәжірибені тарату және енгізу бойынша бюджеттік бағдарламаға әкімшілік ету жөніндегі функциялар жүктелген жергілікті атқарушы орган «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

4) инновация – экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында, экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер техникалық, өндірістік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы ұйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ өзге де қоғамдық пайдасы бар нәтиже түрінде іс жүзінде асырылған жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің нәтижесі;

5) өтінім – инвестициялық жобаларды іріктеп алу жөніндегі конкурсқа қатысуға берілетін белгіленген үлгідегі құжаттар пакеті;

6) өтініш беруші – инвестициялық жобаларды іріктеу жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім берген жеке немесе заңды тұлғалар.

2. Инновациялық жобаларды іріктеу шарттары

3. Инновациялық жобаларды іріктеу өтініш бергендер арасында жүзеге асырылады және агроөнеркәсіптік кешеннің мынадай салалық бағыттары бойынша жүргізіледі:

өсімдік шаруашылығы және егіншілік (оның ішінде өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині);

мал шаруашылығы және ветеринария;

ауыл шаруашылығын механикаландыру;

ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу.

4. Қызылорда облысының жағдайында қолданылатын АӨК саласында қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктерді (әзірлемелерді) енгізу мен таратуға өзіне төмендегіні қамтиды:

1) осы өңірдің табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қолданбалы АӨК субъектілерінде инновациялық агротехнологияларды енгізу мен таратуға беріледі;

2) ауыл шаруашылығын жүргізудің технологиялық әдістерін енгізу және тарату, ауылшаруашылық өнімін өндіру үдерістерін жетілдіру;

3) су ресурстарын тиімді жүргізудің технологиялық әдістерін енгізу және тарату;

4) облыстың АӨК жаңа машиналарды және механизмдерді енгізу және пайдалану, инженерлік нысандардың немесе техникалық жүйенің конструкцияларын көбейту (конструкторлық жұмыстар);

5) ғылыми және инновациялық технологиялардың тәжірибелік үлгілерін (жаңадан жасалған қағидаттық өзгеліктері бар бірегей моделдерді) енгізу және тарату;

6) Қызылорда облысының табиғи-климаттық, топырақ жағдайына бейімделген ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттарын әзірлеу, енгізу және тарату.

5. Жұмысты бағалау келесі іс-шараларды орындау бойынша жүзеге асырылады:

1) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) нәтижелерін өндіріске енгізуді, оның ішінде зерттеулер үшін ғылыми шығын материалдарын сатып алуды ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу жөнінде кеңес беру қызметтері;

2) облыстың АӨК субъектілерінің немесе ғылыми, тәжірибелік және өзге де аграрлық сала ұйымдарының өндірістік базасында «егістік күндері» ғылыми-практикалық семинар-кеңестерін өткізу;

3) ҒЗКТЖ тәжірибесін және алынған нәтижелерін тарату (тұсау кесер, брошюралар, буклеттер әзірлеу және шығару бейнематериалдарын дайындау).

3. Инновациялық жобаларды іріктеу тәртібі

6. Инновациялық жобаларды іріктеуді бюджеттік бағдарламаның әкімшісі конкурстық негізде жүргізеді.

7. Құрамына ауыл шаруашылығына жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасары, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдарының өкілдері, жергілікті өкілді органдар, ғылым және қоғамдық бірлестіктері енгізілген инновациялық жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) облыс әкімінің өкімімен құрылады.

Комиссияның жұмыс органы бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылады.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мерзімдік басылымда және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде конкурс өткізуге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей конкурс өтетіні туралы хабарландыруды орналастырады.

8. Алдағы конкурс туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау мерзімі және орны;

2) конкурсқа қатысуға берілетін өтінімге қоса ұсынылатын қажетті құжаттардың тізбесі, оларды рәсімдеу талаптары;

3) іріктеу жүргізілетін инновациялық жобалардың басым бағыттарының атаулары.

9. Өтініш беруші инновациялық жобаны енгізу жөніндегі өтінімді бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жарияланған хабарландыруда белгіленген мерзімде және осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысанда береді.

10. Өтініш беруші өтінімге, оның ажыратылмайтын бөлігі ретінде мынадай құжаттарды қоса береді:

1) осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

2) осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына түсіндірме жазба;

3) осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес өтініш берушімен әзірленген инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың шығыс сметасы;

4) аграрлық сипаттағы инновациялық технологияларды енгізу және тарату үшін қажетті ғылыми-техникалық және материалдық-өндірістік базаға құқық белгілейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақытының аяқталуының алдындағы бір айдан бұрын емес берілген үш айдан астам (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ екені туралы не бір теңгеден кем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің бар екені туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;

6) өтінім берушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар өтінім берушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есеп шоттарының Үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер өтінім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарын, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақытының аяқталуының алдындағы бір айдың ішінде берілуі тиіс;

7) лицензиялардың не электрондық құжаттық қағаз көшірмесі түріндегі лицензияның және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, рұқсаттардың, өтініш берушінің аграрлық бейіндегі ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық салаларда жұмыстар орындауға біліктілік талаптарын растайтын басқа да құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

8) заңды тұлғалар үшін қосымша:

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесін. Егер заңды тұлға қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгілік жарғының негізінде жүзеге асырған жағдайда, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесін.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

9) жеке тұлғалар үшін қосымша:

жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

11. Өтінім және қоса берілген құжаттардың тізбесі көрсетіле отырып, барлық құжаттар бір папкаға жинақталады, парақтары нөмірленіп, тігіліп, мөр басылып, осы Қағида мен оның қосымшаларының талаптарына сәйкес ресімделген болуы тиіс.

12. Өтініш беруші берілген құжаттардың, бастапқы мәліметтердің, есептеулердің, негіздемелердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

13. Өтінімдерді қабылдау мерзімі өткен соң бюджеттік бағдарламаның әкімшісі 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініштерді алдын ала іріктеу жұмысын жүргізеді.

Алдын ала іріктеу мына критерий бойынша жүргізіледі:

1) өтініш беруші материалдарының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі;

2) өзектілігі және облыстағы АӨК дамуының басым бағыттарына сәйкестігі.

14. Өтінімдері алдын ала іріктеуден өткен өтініш иелеріне, 3 (үш) жұмыс күні ішінде алдын-ала іріктеу қорытындысы немесе көрсетілген себепке байланысты өтінімнің кері қайтарылуы туралы жазбаша түрде хабарланады.

15. Өтінім мына жағдайда кері қайтарылады:

1) өтініш беруші ақпараттарды толық ұсынбаса немесе өтінім құжаттары осы Қағидалардың талаптарына сай жасалмаса;

2) жоба іске асырылатын орын тиісті облыстан тыс жерге орналасқан жағдайда;

3) өтініш жасалған бюджеттік бағдарлама шаралары осы өңірдің АӨК дамытудың басым бағытына қатысы болмаса;

4) өтініш беруші бұрын бюджеттік бағдарлама шеңберінде қаржы алып, бірақ бюджеттік бағдарламаның шараларын іске асыру барысы қанағаттанарлық емес деп танылса.

16. Осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінімдер бойынша бюджеттік бағдарламаның әкімшісі кешенді қорытынды шығарады, сосын ол Комиссияның қарауына беріледі. Комиссия өтінімдерді алдын ала іріктеуден өткен жобалар бойынша өтінімдерді кешенді бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Комиссия кешенді бағалауды мына өлшемдері бойынша жүргізеді:

1) жобаның инновациялық бағытталғандығы, техникалық жүзеге асырылу және оның облыстың АӨК-ге енгізу мен таратуға дайындық деңгейі;

2) инновациялық жоба қаражаттарының игерілуіне егжей-тегжейлі құрылған көрінісінің болуы және инновациялық жобаның облыс АӨК-де әрі қарай келешегі;

3) инновациялық жобаны орындау үшін жабдықтың, инфрақұрылымның және ресурстардың болуы;

4) инновациялық жобаның бәсекеге қабілеттілігі;

5) инновациялық жобаның экономикалық мақсатқа лайықтығы.

17. Өтінімді кешенді бағалау жүргізу барысында комиссия өтініш берушілерден түсініктеме беретін ақпарат сұратуға, бағалауды сапалы жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында қажет болған кезде тиісті біліктіліктегі басқа мамандарды тартуға құқылы. Өтінімдерді кешенді бағалау және іріктеу 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

18. Өтінімдерді қарау қорытындысы бойынша Комиссия инновациялық жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы ұсынымдар шығарады. Комиссия ұсынымдары комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

19. Комиссия отырыстары оның құрамының жалпы санының екіден үш бөлігі қатысқанда заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Егер Комиссия мүшелерінің бірі қабылданған шешіммен келіспесе және хаттамаға қол қоймаса, ол өзінің келіспеу себептерін жазбаша түрде баяндайды, ол Комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

20. Комиссияның ұсынымы негізінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі оның отырысының хаттамасына қол қойылған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарлама шеңберінде инновациялық жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Инновациялық жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылданған сәттен бастап бюджеттік бағдарламаның әкімшісі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз деп анықталған өтінім берушімен инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша шарт жасайды.

22. Инновациялық жобаны қаржыландыруға берілген бюджет қаражаты бекітілген шығындар сметасында қарастырылмаған мақсаттарға пайдаланылған жағдайда жергілікті бюджетке толық қайтаруға жатады.

Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасына
1-қосымша

Нысан

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі өтінім

1.	Тіркеу нөмірі және күні (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметкерлері толтырады)	
2.	Инновациялық жобаның атауы	
3.	Өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінде инновациялық тәжірибені енгізу және тарату саласы (кіші саласы)	
4.	Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі мақсаттарын және мәнін, жоба нәтижелерінің нақты қолданылуын, осыған ұқсас жобаларды іске асыруға қатысу тәжірибесін көрсету)	
5.	Жобаның ұзақтығы (айлармен есептегенде)	
6.	Жобаның басталу және аяқталу күні	
7.	Сұратылған қаражат сомасы (теңге)	
8.	Өтініш берушінің Т.А.Ә. немесе (атауы), мекен-жайы, телефоны/факсы, электрондық поштасының мекен-жайы)	
9.	Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыруға қатысатын агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің атауы, мекен-жайы, телефоны/факсы, электрондық поштасының мекен-жайы	

Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасына 2-қосымша

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Қызмет түрлері	Күтілетін нәтижелер			
	1- тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан
1				
2				
3				

Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасына 3-қосымша

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына түсіндірме жазба

1. Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың атаулары.

2. Іс-шараларды іске асыру орны: елді мекен.

3. Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың мақсаты және міндеттері.

4. Өтініш берушінің қысқаша сипаттамасы:

өтініш берушінің толық атауы;

өтініш берушінің негізгі қызметінің сипаттамасы;

басты мамандар, олардың орындайтын қызметтерінің түрлері (түйіндемесі және біліктілігін растайтын құжаттары қоса беріле отырып).

5. Өндірістің осы буынындағы проблемаларды, осы проблемаға бағытталған іс-шараларды көрсете отырып, инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды негіздеу. Іс-шараларды іске асырудың маңыздылығы мен қажеттілігін, олардың өңір агроөнеркәсіп кешенінің технологиялық даму деңгейіне және еңбек өнімділігіне ықпалын сипаттау.

6. Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру аясында көрсетілетін негізгі тауарлар, жұмыс, қызметтер тізбесі, олардың сипаттамасы, өндірісте қолдану үшін, жобаны орындау барысында сынақтан өткізіп, көрсету үшін ұсынылатын нақты шешімдер және технологиялар, нақты шаруашылық, аудан және облыс экономикасы үшін практикалық мәнін бағалау. Мазмұнын, ұзақтығын, күтілетін нәтижелерін, ресурстардың қажеттілігін, оның ішінде инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға қатысушы агроөнеркәсіп кешені субъектісінің базасында ғылыми әзірленімдерді (технологияларды) енгізу және тарату бойынша ғылыми-зерттеу әдіснамасын көрсету қажет.

7. Нәтижелілік: инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижелерінің сан мен сапа көрсеткіштері. Көрсеткіштерде агроөнеркәсіптік кешен субъектілері мен облыс экономикасының еңбек өнімділігін және өндіріс тиімділігін жақсартуға ықпалын бағалай отырып, жоспарланған нәтижелер туралы ақпарат қамтылуы тиіс.

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың экономикалық тиімділігін бұрын қолданылған технологиялармен салыстырып көрсету, облыстың аграрлық өнеркәсіп кешенін дамыту, аграрлық нарықтағы ахуал тұрғысынан іс-шараның мақсаттылығын негіздеу қажет.

8. Экологиялық бағалауда ұсынылып отырған технологиялардың қоршаған ортаға және облыстың табиғат ресурстарына ықпалын бағалау болуы тиіс (оң ықпал, ықпалсыз немесе кері ықпал). Кері ықпал болған жағдайда, мұндай ықпалдың зардабын азайту үшін қандай әрекеттер қолданылатынын көрсету қажет.

9. Тәуекелдер: инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды табыспен аяқтау үшін негізгі тәуекелдер және сол тәуекелдерден өту бойынша шаралар.

10. Жобаның тіршілікке қабілеттілігі: инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларға қатысушы агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің өндірісін қаржыландыру аяқталғаннан кейінгі тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қабылданатын шараларды сипаттау қажет.

Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасына 4-қосымша

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың шығыс сметасы

мың, теңге

№	Шығыстардың баптары*	Өлшем бірлігі	Бағасы	Құны	оның ішінде айлар бойынша											
					1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Еңбекақы															
1.1.																
1.2.																
2.	Іс-сапар шығыстары															
2.1.																
2.2.																
3.	Тікелей шығыстар															
3.1.																
3.2.																
4.	Үстеме шығыстар															
	Жиыны:															

Ескерткіштер – ел мұрасы

Кеше Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай С.Айтбаев атындағы Көркемсурет галереясында «Ескерткіштер – елге мұра, ұрпаққа аманат» атты көрме ұйымдастырылды. Оған облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай қатысып, мерекеге орай сала мамандарын Алғыс хатпен марапаттады.

Аталған көрмеге ардагерлер, суретшілер, мектеп оқушылары қатысты. Онда жергілікті археологиялық және сәулет ескерткіштерінің фотолары, қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған жәдігерлер, архивтік құжаттар мен баспа өнімдері және қылқалам шеберлерінің туындылары ұсынылды.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Сыр өңірінің руханият әлеміндегі көңіл қуантқан жаңалық – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, прозашы Несібелі Рахметтің «Нөлінші қатар» деп аталатын жаңа туындысы жарыққа шықты. Жазушының бұл кітабында әңгімелер, новеллалар, көңіл сырлары, ой-толғамдары жинақталған. Шығармаларда шынайы өмір келбеті, адамдар арасындағы қарым-қатынастың сан алуан қырлары орнықты ой, ойнақы тілмен баяндалады. Оқиғалары оқырманды ойға жетелейді.

Sb Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Оқиғалары ойға жетелейді

«Нөлінші қатар» жинағы қаладағы «Тұмар» баспасынан шыққан. Кітапта қырықтан астам шығарма жинақталған. Ауылда туып, аңызақ желі кекілін желпіп, торғын топырағы табанын күйдіріп өскен соң шығар, жазушының әңгімелерін оқығанда қарапайым қоңыр тірліктің көрінісі көзіңе жылы-ұшырайды. Еріксіз баурап алады.

Кітаптағы алғашқы әңгіме «Түйреуіш» деп аталады. Бұл шығармасында автор болмысы таза, баладай аңғал кейіпкердің бір сәттік көңіл-күйін әсерлі әңгімелейді. Адамды қуанту үшін аса қымбат сыйлықтың керегі жоқ, тек жан дүниесінің қалауын тап басып таба білсең болғаны... Тіпті титтей түйреуіш те оны таңғалдыруы ғажап емес. Оқиғаның желісі бес күн жалған, баянсыз өмірде бәрінен де көңіл қымбат екенін аңғартады.

«Нөлінші қатар» әңгімесінде: «Ал қатардағы қаздай тізілген орындықтар аппақ матамен қапталған. Сонан да олар өзге отырғыштардан айрықша айшықты болып көрінеді. Салтанатты, сәнді де мәнді, маңызды болып көрінеді. Сол себепті оған отыратындардың жай көрермендер емес, «ерекше жаратылған жандар», «айрықша адамдар» екенін ұғасың. Сөйтесің де ол аймақтан алпыс метр аулақ жүресің» деп ішкі толқынысын жасырмай, жайып салады. Одан әрі оқиғаны ойнатта түсіп, кейіпкерлердің келбетін қаз-қалпында көз алдыңа әкеледі. Көп адам күнделікті куә болып жүрсе де елең қылмайтын жайттарды ой таразысына тартып, орнықты тұжырымдайды. Қысқасы, әзілмен көмкерілген әңгіменің ар жағында салмақты ой жатыр.

Жазушы Несібелі Рахметті көзіқарақты оқырман жақсы біледі. Оның шығармаларынан қалам иесінің қарапайым болмысын, өзгеге ұқсамайтын өзіндік таным-талғамын байқайтыны анық.

Браконьер құрықталды

Табиғат қорғау прокуратурасының бастамасымен Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, жергілікті атқарушы органы және жергілікті полиция қызметі Арал теңізі мен облыстың су айдындарында заңсыз балық аулаудың алдын алу мақсатында бірлескен іс-шаралар жүргізілуде.

Нәтижесінде 16 сәуірде Арал ауданының «Қарашалан-Бөген» автожолында «Газель» маркалы автокөлігі тоқтатылып, тексеру барысында «Шөмішкөл» елді мекенінің тұрғыны Т тиісті құжаттарсыз, жалпы салмағы 1261 келі құрайтын тыран балығын тасымалдағаны анықталды.

Браконьердің заңсыз әрекетінен мемлекетке 2 317 466 теңге залал келді.

Қазір тиісті жауапкершілікке тарту мақсатында тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Облыстық табиғат қорғау прокуратурасы

ТАРИХ

Қарт Қаратау мен Сырдың бойы – ықылым заманнан алғашқы адамдар тіршілік етіп, шаруашылығын дамытқан жер. Тау бөктеріндегі халық кен өндірумен, мал бағумен айналысса, дария бойын мекен еткен халық отырықшы егін, бау-бақша шаруашылығымен айналысқан. Сол дәуірлерден бері егістік жерді суландыру жұмысы Сыр елімен бірге жасасып, су мәселесі күн тәртібінен ешқашан түскен емес.

ПЛОТИНА ҚАЛАЙ САЛЫНДЫ?

Ғалымдар Сырдың бойынан Авеста дәуірінің, ғұндардың, түріктердің, қимақтар мен қыпшақтардың суландыру әдісінің белгілерін тапқан. Олардың дәлелі – Отырар, Сығанақ, Сауран қорғандарының төңірегіндегі суармалы егістік алқаптар. Кешегі тартылған Арал теңізінің табанынан да ирригациялық жүйелердің орындары, арық іздері табылды.

Иә, сонан бері 82 жыл өтіпті. 1940 жылғы 16 сәуірде өмірлік маңызы бар ғылыми шешім қабылданды. Ол КСРО Халық комиссарлары Кеңесі мен Орталық Комитетінің «Қазақ КСР-нің оңтүстік облыстарында ауыл шаруашылығын көтеру, әсіресе, дәнді дақылдарды өсіруді жақсарту туралы» қаулысын халық зор қуанышпен қабылдады. Осы қаулы бойынша Қызылорда қаласының жанынан тоған-плотина салу белгіленген еді. Бірақ, қызу басталған құрылыс жұмыстары Ұлы Отан соғысына байланысты тоқтады.

Сыр өңірін мекендеген Үйсін тайпасы «Тәңір тауы» деп, кейін қытайша «Тянь-Шан» атанған таудың басынан сағасын алатын Нарын, Қарадария қос өзеннің Ферғана даласында қосылатын жерінен бастап Арал теңізіне құйғанға дейінгі арна – Сырдария өзені деп аталады. Басқасын айтпағанда өзенді көне гректер «Яксарт», арабтар «Сейхун» десе, түрік тілінде «Сырдария» деп аталған. Осы тарихи мәліметтердің өзі ерте дүниеден бері Сырдың бойы өркениеті дамыған мәдени орталық болғанының айғағы. Ұлы Жібек жолының солтүстік батыс тармағының бойындағы өркениетті қалалардың дамыған орталығы болғанын дәлелдейді. Сырдария ғасырлар бойы табиғаттың заңдылығымен, судың күшімен бір иінін жебір жеп, екінші иінін қайыр басып, өзен өз арнасын жиі өзгертіп тұрған.

Біздің облыс аумағындағы Сырдарияның ескі арналары Ақсай, Нәнсай, Іңкәрдария, Жаңадария, Қуаңдария, Шіркейлі, тағы басқа қалған дариялар – Сырдың тарихына тұнған өзенінің ескі іздері.

Сол жылдары плотина құрылысында істейтін жұмысшылар мен қызметкерлерінің саны күн сайын өсіп келе жатқанын және келешекте мұнан да көбею мүмкіндігін ескеріп облатком 1947 жылы 29 тамызда арнайы қарар қабылдады. Республика Жоғарғы Кеңесіне «Қызылорда плотинастрой» қыстағынан қала типтес жұмысшы поселкесін салуды, оны «Тасбөгет» деп атауды ұсынды.

1946 жылы Үкімет тарапынан плотина құрылысы жұмыстарына 1200 соғыс тұтқынын (жапондарды) пайдалануға рұқсат етілді. Олар болған 1 жыл ішінде қам кесектен 10 барақ, монша, асхана, қойма үйлері салынды. Тұтқындар негізінен жер жұмыстарын атқарды.

Плотинаға мемлекет қаржы мен материалды аямады. Құрылыс-монтаж жұмыстарында 1200-1300 маман жұмыс істеді. 120-дан астам түрлі маркалы автокөлік, оның 25-і «МАЗ», әртүрлі маркалы 95-тен астам жер қазатын техника болды.

1956 жыл «Қызылорда» су тоспасының (гидроузел) құрылыс жұмыстарын аяқтайтын шешуші жыл болды. 23 маусымда плотинаның жаңа арнасына су жіберіле басталды.

Сонан бері дариядан қанша су ағып өтті, қанша тарих сумен бірге шайылып кетті. Ал өңірді мекендейтін ел өз тірлігін жасауда. «Тасбөгет» плотинасы өңірді суландырып, еліміздің игілігіне айналды.

Оразхан АЙДАРОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
оқытушысы

SERGEK

Ұлттық құрама дайындығын бастады

Қазақстан құрамасы шайбалы хоккейден Финляндияда өтетін Әлем чемпионатына дайындығын бастады.

Айта кетейік, 13-29 мамыр аралығында Финляндияның Хельсинки және Тампере қалаларында топдивизиондағы хоккейден Әлем чемпионаты өтеді. Қазақстан құрамасы А тобында Дания, Канада, Германия, Швейцария, Словакия, Италия және Франциямен шеберлік байқасады. Ал В тобында Финляндия, АҚШ, Чехия, Швеция, Латвия, Норвегия, Ұлыбритания және Австрия ойнайды.

Ұлттық құрама елордадағы «Барыс-Аренада» оқу-жаттығу жиындарын 17 сәуірден бастады. Енді 3 мамырда ел құрамасы 29 хоккейшіден тұратын кеңейтілген құрамда Ригаға аттанып, онда әлемдік біріншілікке дайындығын жалғастырады.

Ал 8 және 9 мамырда Латвиямен жолдастық кездесу өткізіп, 10 мамырда Финляндия астанасы Хельсинкиге жетеді. Дүбірлі додадағы алғашқы матчын Қазақстан құрамасы 14 мамырда Данияға қарсы өткізеді.

Ауыр атлеттер Қызылордаға жиналды

Қызылорда қаласындағы «Еуразия» спорт кешенінде 17-24 сәуір аралығында ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасында ел біріншілігі өткізіледі.

Ел біріншілігі жекелеген жаттығулар бойынша болады. Алты күн бойы спортшылар 20 салмақ бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Аталған жарыста ерлер 55, 61, 67, 73, 81, 89, 96 келі салмақтарда жүлделерді сарапқа салады. Ал әйелдер 45, 49, 55, 59, 67, 71, 76, 81, 87, 87 келіден жоғары салмақта бақ сынайды.

Ел біріншілігі 24 сәуірде мәресіне жетеді.

«Қайсардың» алғашқы жеңісі

Қызылордалық «Қайсар» бірінші лига командалары арасындағы ел біріншілігінің маусымашар кездесуінде өз алаңында «Оңтүстік Академия» командасынан 3:1 есебімен басым түсті.

Ойынның алғашқы жартысында қызылордалық команда бірнеше шабуыл ұйымдастырды. Кездесудің 20-минутында Кирилл Сидоренко қарсыластар қақпасынан саңылау тапты. Кириллдің сәтті соққысынан кейін, қос команда нәтижелі шабуыл ұйымдастыра алмай, үзіліске бет алды.

Кездесудің екінші жартысында «Қайсар» сапынан Руслан Сахалбаев екі голдың авторы атанды. Қонақтар кездесудің соңында пенальти тебуге мүмкіндік алып, есеп айырмасын қысқартты.

«Қайсар» алғашқы кездесуін жеңіспен бастады. Турнир кестесінде үшінші орынға көтерілді. Алғашқы екі орында «Оқжетпес» пен «Жетісу» командалары келеді.

«СБ» ақпарат

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Кредиттік серіктестігі «Сыр бойы» ЖШС құрылтайшылардың жалпы жиналысының 14.04.2022 жылғы №1 шешіміне сәйкес, өзінің барлық кредиторларына серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылғаны туралы хабарлайды.

Барлық кредиторлар мен мүдделі тұлғалар Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі, 62А мекен-жайы бойынша орналасқан «Кредиттік серіктестігі «Сыр бойы» ЖШС-на жүгінуі қажет.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26086 | Тапсырыс №588 | Кезекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**